



QOSTANAI DARYNY. KZ

«Қостанай дарыны» өңірлік оқу-әдістемелік орталығы

№3
Шілде, 2024



АҚПАРАТТЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

«QOSTANAI DARYNY. KZ»

№3 (20), 2024 шілде, Қостанай

2019 жылғы шілдеден бастап шығарылады

Журналдың құрылтайшысы: Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай дарыны» өңірлік оқу-әдістемелік орталығы» КММ

Бас редактор

Г.К. Укина, магистр

Бас редактордың орынбасары

Л.Б.Байтенова

Ақылдастар алқасы:

Н.М. Рябина - бұқаралық-ұйымдастыру жұмыс жөніндегі директордың орынбасары

В.В. Башкатов - ақпараттық-баспа бөлімінің аға әдіскері

С.К. Жакибаева - әдістемелік-ұйымдастыру бөлімінің әдіскері

А.О.Каримова - әдістемелік-ұйымдастыру бөлімінің әдіскері

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің

Ақпарат комитетінде тіркелген, Нұр-Сұлтан қ.

Қайта есепке қою туралы куәлік 04.08.2022 жылғы № KZ01VPY00052876

Бастапқы есепке қою 11.07.2019, 177786-Ж

Басылым мерзімділігі – тоқсанына 1 рет.

Редакцияның мекенжайы:

110005, Қостанай қ., Я. Гашек, 1

тел: (714-2) 26-77-09, факс: 26-77-09

e-mail: kostdaryn@mail.kz

Редакцияның пікірі авторлардың пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін.

Редакция қабылданған материалдардың стилистикалық түзету және қысқарту құқығын өзіне қалдырады.

Автор өзінің барлық құжаттық деректерін, толық тегін, атын, әкесінің атын, мекенжайын, телефонын, жұмыс орнын және атқаратын қызметін көрсетуге міндетті. Бұл біздің ынтымақтастығымызды жеңілдетеді және тиімдірек етеді.

2024 ж. 26.07 теруге тапсырылды.

Басылымға қол қойылды 2024 ж. 30.07

Пішімі 60x88, 1/16, Шарттық б. 10,00

Қағаз ВХИ 80 гр. Цифрлы басып шығару.

Таралымы 200 дана.

Тапсырыс №3

«Қостанай дарыны» ӨОӨО баспаханасында басылып шығарылды. Гашек көшесі, 1

тел. 39-20-58



МАЗМҰНЫ/СОДЕРЖАНИЕ

Бас редактордың бағаны/ Колонка главного редактора	4
Тулегенова А.Т., Зулгариев Р. Д. Ұлы ұстаздың мұрасы - Ыбырай Алтынсарин мектебінің тарихы.....	6
Булекбаева Ж.С. «Байыпты басшы – мектеп мәртебесі» Ыбырай атаның өз қолымен қалаған мектебіне 140 жыл.....	10
Абикенова Г.А. Направление, в котором человек начинает свое образование, определит его будущую жизнь.....	15
Байсингирова С.М. Мәнмәтіндік оқыту - ағылшын тілін үйретудің тиімді әдісі.....	19
Булекбаева Ж.С., Мағзұм Г.Ә. Мамандандырылған сыныпта әдебиетті оқытудың ерекшеліктері.....	24
Досжанова Ж.Т., Тулегенова А.Т. Өз өлкеміздің тарихи тұлғалары....	28
Ермагамбетова М.К. Эссе жазу – сауаттылықтың басы.....	32
Жумагулова К.Ж. Таңдау курстары арқылы оқушылардың таным белсенділігін арттыруды ұйымдастыру жолдары.....	36
Жумагулова К.Ж. Химия сабағында сандық білім беру ресурстарын қолданудың тиімділігі.....	40
Касыбаева А.Т. Математика сабақтарындағы зерттеу қызметі.....	45
Келинбердиева Ы.С. Білім алушылардың ғылыми зерттеу дағдыларын қалыптастыру жолдары.....	50
Манасбаев Ш.И. Веб жобалау.....	57
Нугуманов А.К. Эссе жазу сауаттылығы.....	61
Сейтқожина Ш.К. Текст как средство формирования функциональной грамотности.....	65
Тасанова Г.М. Оқу сауаттылығын арттырудың жолдары мен әдістері	70
Алпысбаева А.Т. Актуальность использования проблемного обучения в современной школе.....	74
Атоварова Ю.А. Билет в будущее: система профориентационной работы в современной школе (из опыта работы).....	78
Ахметова М.С. Фасилитация проектной деятельности как механизм формирования исследовательского поведения личности одаренного школьника.....	83
Вайсман В. О., Кононцева А.В. Формирование функциональной грамотности на интегрированном уроке химии и биологии.....	91
Камалова Г.М. Төле бидің нақыл сөздері мен мақал - мәтелдердің	



байланысын салыстырып талдау.....	100
Куренова Н.К. Интерактивы и их использование на уроках математики.....	107
Мегильбаева А.А. Использование платформы izi.TRAVEL в проектной деятельности учащихся.....	111
Нугуманова К.А. Развитие экологической компетентности при обучении химии посредством научно-исследовательской деятельности.....	115
Омирбаева Ш.О., Хамитова Н.Е. Мектепке дейінгі балаларды халық педагогикасы негізінде тәрбиелеудегі бөбекжай мен ата-аналардың өзара байланысы.....	120
Орлова И.А. Внеклассная деятельность как средство развития творческой активности учащихся в условиях детской музыкальной школы.....	125
Сеитова Е.Г., Шагабутдинова Н.С. Использование современных методов и стратегий в работе школьного педагога-психолога в рамках инклюзивного образования.....	130
Смагулова Г.Г. Білім беруді өзгерту: мектеп жағдайында кайдзен принциптерін қолдану.....	135
Форицова Т.Л. Восприятие общечеловеческой ценности ненасилие современными подростками.....	140
Хамзина А.Ж. Іс әрекетті зерттеу - білім сапасын арттырудың кепілі	145
Юркова Е.А. Игры с асыками - средство всестороннего развития личности.....	156



Бас редактордың бағаны/ Колонка главного редактора



Құрметті әріптестер!

Ағартушы Ы.Алтынсарин іргетасын қалаған көне мектептердің бірі – Қостанай қаласындағы Ыбырай Алтынсарин атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернатының құрылғанына биыл 140 жыл толады. Тамырын тереңге жайған бұл білім ұясының тарихы өте бай. Сонау 1884 жылы ашылған білім ордасына 1952 жылы тұңғыш ұстаздың есімі берілді.

«Мектеп – қазақтарға білім берудің басты құралы. Біздің барлық ұлтымыз, қазақ халқының келешегі осы, тек қана осы мектептерде» деген ағартушы-педагог қазақ даласында тұңғыш халықтық мектептер ашып, ағарту саласына ұшан-теңіз еңбек сіңірген, есімі ұлы Абаймен қатар аталатын және бар саналы ғұмырын білім саласына арнаған тұлға. Бүгінде мектеп табалдырығын аттаған әрбір бала білім жолына басқан алғашқы қадамын ұстаздың «Кел, балалар, оқылық!» сөзімен бастайды. Себебі, Ыбырай Алтынсарин - қазақ даласындағы алғашқы мектептің іргетасын қалаған тұңғыш ұстаз, жаңашыл педагог, этнограф-ғалым, ақын және прозашы, қазақ жазба әдебиеті мен әдеби тілінің негізін қалаушы.

140 жыл бұрын тұңғыш соғылған қоңырау үні өшпей, қайта жаңа заманға сай жаңғырып, бабамыздың жағып кеткен жарық шамы бүгінгі таңда мәңгі өшпестей шыраққа айналып отыр. Өйткені, бұл киелі шаңырақтан еліміздің тарихында есімдері алтын әріппен жазылған тұлғалар, көптеген



танымал ғылым және мәдениет қайраткерлері, тамаша түлектер шықты. Олар еліміздің түкпір-түкпірінде түрлі салаларда жемісті еңбек етуде.

«Мектептің жаны - мұғалім» деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қай мектепте болсын, негізгі тұлға - ұстаз. Мұғалімі қандай болса – мектебі де сондай болмақ. Ыбырай Алтынсарин атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернатының ұстаздары шәкірттерге сапалы білім берумен қатар түрлі жарыстар мен сайыстарда кәсби жетістіктерге жетіп келеді. Атап айтатын болсақ, Тасанова Гульмира Мухаметжановна республикалық «Үздік педагог» және «Үздік авторлық бағдарлама» конкурстарының республикалық кезеңінде I орындарға ие болды. Байтасова Ботагоз Шаяхметовна республикалық «Педагогикалық идеялар фестивалі» конкурсының облыстық кезеңінде III орын иегері атанды және республикалық орыс тілі мұғалімдерінің «Study Innovation» кәсіби конкурсында да жүлделі III орынды иеленді. Республикалық «Дарынды балаларға - талантты ұстаз» педагогикалық олимпиадасының республикалық кезеңінде Зулгариев Риза Дуйсенбайұлы жүлделі I орынды жеңіп алды. Республикалық «Үздік авторлық бағдарлама» конкурсының облыстық кезеңінде Абикенова Гульбану Абдырзақовна I орын иегері атанса, республикалық «Педагогикалық идеялар фестивалі» конкурсының облыстық кезеңінде III орынға ие болды. Республикалық «Дене тәрбиесінің үздік мұғалімі» байқауының республикалық кезеңінде Абдигалиев Нұрбол Умирзакович гран-при иегері атанды.

Қасиетті шаңырақтан білім алған әрбір оқушы ұлы ұстаздың есімін жоғары бағалайды. «Ұстаз бақыты - шыңдаған шәкірті» демекші, жыл сайын олар облыстық және республикалық пәндік олимпиадалар мен түрлі конкурстардың жеңімпаздары атанып келеді. Шәкірттерін білім додасына дайындаған ұстаздардың бірқатарын атап өтетін болсақ, Сейтқожина Шолпан Курманғалиевна, Нугуманов Ағыбай Карынович, Мағзұм Гүлнұр Әмірханқызы, Манасбаев Шотбай Имашевич, Жаппасбаева Гүлбаршын Айтқуловна, Еслямғалиева Зоя Сейсембаевна және т.б.

Журналдың осы санында 140 жылдық тарихы бар Ыбырай Алтынсарин атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернатының ұстаздары өз педагогикалық тәжірибелерімен бөліседі.

Мектеп-гимназия ұжымын мектептің 140 жылдық мерейтойымен құттықтаймын. Сіздерге зор денсаулық, отбастарыңызға бақ пен береке, жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу жолындағы еңбектеріңізге табыс, шығармашылық жетістіктер тілеймін!

Бас редактор

Г.К. Укина



ҰЛЫ ҰСТАЗДЫҢ МҰРАСЫ - ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН МЕКТЕБІНІҢ ТАРИХЫ

*Тулегенова Айгуль Тулегеновна,
Зулгариев Риза Дуйсенбайулы,
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Ы.Алтынсарин атындағы мамандандырылған
мектеп-гимназия-интернаты» КММ
тарих пәнінің мұғалімдері*

Қостанай қаласының орталығында орналасқан Ыбырай Алтынсарин атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернаты - ұлы педагог, ағартушы Ы. Алтынсариннің баға жетпес күшімен ашылған мектептерінің бірі. Қостанай шаһарындағы қара шаңырақ халқымыздың талай ұл-қыздарын білім бұлағымен сусындатқан, облыс көлемінде ғана емес, республика көлемінде аты белгілі білім ордасының құрылғанына биыл жүз қырық жыл толғалы отыр. Осы талай қазақ баласының тағдырындағы шамшырақ, білім мен ғылымның ордасы болған бір жарым ғасырлық мектеп тарихына шолу жасайық.

1879 жылы облыс орталығы Қостанай қаласын құру туралы мәселе тұрған кезде, бір мезгілде мектеп үйінің іргетасын қалау жөнінде мәселе шешілді. Қостанай қаласында мектеп құрылысы 1882 жылы салына бастады, ал 1884 жылы Троицк орыс-қазақ мектебі осы ғимаратқа көшірілді. Мектепке «екі сыныптық орыс-қырғыз (қазақ) мектебі» деген атау берілді. Кейін ол «Қостанай екі сыныптық орыс-қазақ училищесі» болып аталды [1].

Бұл оқу орнының түп-төркіні мынадай. 1850 жылдары Орынбор шекара комиссиясының жанында қырғыз балаларына арналған мектептер болды. Осындай мектептерді облыстың басқа аймақтарында да ұйымдастыру қажет деген сенім Торғай, Ырғыз, Перовский елді мекендерінде мұндай мектептердің ашылуына себеп болды. Сауат ашу үшін жергілікті қырғыздар (қазақтар) балаларын Троицк қаласындағы татар молдаларына оқуға жіберуге мәжбүр болатын, сондықтан осындай мектептер ашу мәселесі сол уақыттағы қоғам үшін өте маңызды болды. Қазақтардың қамқоршысы және сенімді өкілі Жуковский бұл ұсынысты қолдап, Петербургке мектеп ашу туралы өтініш хат жіберді. Патша үкіметі өтінішті мақұлдап, 1861 жылы 15 маусымда Ішкі істер министрлігі император ІІ Александр Троицк қаласында мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен «қырғыз ұлдарына арналған мектеп» ашуға рұқсат бергені



туралы хабарлады. Мектептің ашылуы аймақтық басқарушы Василий Васильевич Григорьевтің қатысуымен салтанатты жағдайда өтті.

Жылдар өте келе, 1879 жылы жаңа қала ашылады деп жатқанда Орынбор оқу округінің қамқоршысы осында мектеп ашу үшін тас үй салу туралы ұсыныс жасайды. Жағдай әлі белгісіз болғандықтан, әскери губернатор құрылысты уақытылы емес деп санады. Тек 1882 жылы қазіргі Қостанайда ғимараттың құрылысы басталып, 1884 жылы аяқталды. Мұнда Ы.Алтынсариннің күшімен Троицк қаласынан орыс-қырғыз екі жылдық мектебі (кейінірек ол училище деп аталды) дайын үй-жайға көшірілді. Ы.Алтынсариннің өзі Торғай облысындағы мектептердің инспекторы бола тұрып, Орынбор оқу округі сенімді өкілінің бұйрығымен Торғайдан Қостанайға ауыстырылды.

Мойындау керек, жаңадан бой көтерген, қарапайым ғимараттары бар қаланың аясында жаңа мектеп өзінің ауқымдылығымен және ыңғайлылығымен сол кезде-ақ ерекшеленді. Ғимарат Қостанай қаласының орталығында ХХ ғасырдың 60-жылдарына дейін қазіргі Ы.Алтынсарин атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернаты орналасқан жерде тұрды.

Ғимарат, 3 сынып бөлмесінен, екі жатын бөлмесінен, кітапхана, асхана, ортақ бөлме, емхана және шеберханадан тұрды. Мектеп мұғалімдерін екі пәтермен қамтамасыз етті, мұнда монша, жертөле және бақша болды. Мектеп өміріндегі барлық оқиғаларды тұңғыш педагог өзі мұқият бақылап отырды.

1885 жылы аралас мектеп бола бастады. Мектепте 30 қазақ интернат-оқушыларынан басқа орыс ұлдары да оқи бастады [2].

1897 жылы 22 наурызда бір қуанышты оқиға орын алды, халық ағарту министрі бұл мәселені мемлекеттік кеңес бекіткеннен кейін Қостанайлық 2 сыныптық орыс-қырғыз мектебінің жанынан Педагогикалық сынып ашуға рұқсат берді.


Мемлекет педагогикалық сыныптың 11 білім алушысын толықтай өз қамқорлығына алды. Оқу жылының бірінші жартыжылдығында білім алушылар педагогика және дидактика пәнінің мұғалімі М.Н.Греховодовтың жетекшілігімен жергілікті мектептерге барып, сабақтарға қатысып, жан-жақты талдау жүргізді. Оқу жылының екінші жартысында Педагогикалық сынып жанынан уақытша мектеп ашылып, М.Греховодовтың жетекшілігімен сынып білім алушылары өз бетінше сабақ берді. Оқуды аяқтаған түлектерге ауыл мектебінің мұғалімі атағын беру туралы куәлік берілді [3].



1908 жылы екі жылдық педагогикалық курс интернаты болып өзгертілді. Курстар «жеңілдетілген түрдегі» мұғалімдер мектебі болып есептеліп, бастауыш училище және ауыл мектептерінің мұғалімдерін дайындады. Педагогикалық сынып қабырғасынан кейін мұғалім атанған Мұхамеджан Сералин, Спандияр Көбеев, Бекет Өтетілеуов сынды тұлғалар білім алды.

Мектеп училищесі өзінің бастапқы калпында Қазан төңкерісіне дейін өмір сүрді, ал 1917 жылдан бастап қазақ балалар коммунасы, алдымен бастауыш, содан кейін жеті жылдық (1923 жылдан) болып өзгертілді.

Азаматтық соғыс пен құрғақшылық халықтың білім алуына әсерін тигізді. Халықтың сауатсыздығына және жетімдер санының артуына байланысты қазақ кедейлерінің балалары он жастан интернатқа қабылданып, толықтай мемлекеттің қамқорлығында болды.



*Қостанайдағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесінің суреті
XX ғасырдың басы, 30-жылдар*

1933 жылы мектепке Қазақстанның саяси және мемлекеттік қайраткерінің құрметіне Левон Мирзоян есімі берілді. Саяси қуғын-сүргенге ұшыраған Л.Мирзоян есімін алып тастап, мектепке 1938 жылы Жамбыл Жабаев атындағы №1 орта мектеп-интернаты деген атау берілді [4].

1939 жылы облыста ашылған мұғалімдер институтының оқу корпусы 1943 жылдан бастап мектеп ғимаратына орналасты. 1950-ші жылдары мектеп-интернаттың ескі ғимаратында жетім балалар мен шалғай аудандардың балалары білім алды, ал оқу корпусына №13 қазақ орта мектебі (№22) орналасып, онда қалада тұратын балалар оқыды. 1960 жылы орта мектеп Ыбырай Алтынсарин атындағы қазақ мектеп-интернаты болып өзгертілді. Арада бес жыл өткен соң № 22 орта мектеп



№ 1 мектеп-интернатымен біріктірілді. Осы уақыттан бастап жаңа оқу ғимаратының құрылысы қолға алынды. Ал мектептің ескі үйі біртіндеп қирай бастағандықтан, 1968 жылы еңбекшілердің халық депутаттары Кеңесінің шешімімен түгел бұзылды.

Балаларды тәрбиелеуде жеткен жетістіктері үшін КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1971 жылғы 11 ақпандағы Жарлығымен Ы.Алтынсарин атындағы мектеп-интернаты «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды.

Мектеп 1992 жылы Ы.Алтынсарин атындағы мектеп педагогикалық лицей болып қайта құрылды. Екі жылдан кейін, 1994 жылы Ы. Алтынсарин атындағы №1 педагогикалық лицей-интернаты болып аталды.

Ы. Алтынсарин атындағы №1 педагогикалық лицей-интернатына 1997 жылы мемлекеттің дарынды балаларға арналған мектептерді ашу туралы бұйрығына сәйкес 2000 жылы Ыбырай Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты атағы берілді [5].

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қостанай облысының Әділет департаменті Қостанай қалалық Әділет басқармасында 2019 жылдың 4 желтоқсан айынан бастап қайта тіркеуден өтіп, Ыбырай Алтынсарин атындағы мамандандырылған мектеп-интернаты атауын алды.



«Ы.Алтынсарин атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернаты» КММ 2024 ж.



2022 жылы мектеп-интернатқа гимназия атауы беріліп, мектеп «Ы.Алтынсарин атындағы мектеп-гимназия-интернаты» болып қайта тіркелді.

Бүгінгі күні Ыбырай атамыз қалаған мектепте 372 білім алушы бар. Мектебімізде 39 ұстаз, 16 тәрбиеші қызмет атқаруда. Оқушыларымыз Халықаралық, республикалық деңгейдегі олимпиадалар және ғылыми жобалар конкурстарында жүлделі орындарға ие болып мектеп мәртебесін көтеруде. Бірнеше жыл қатарынан мектебіміз «100 үздік олимпиадалық мектеп» тізіміне еніп келеді.

Бүгінгі мектеп жетістіктері – көрнекті ағартушы-педагог Ыбырай Алтынсариннің арманының орындалғанының белгісі. Осы алтын ұядан қанатын қомдап ұшып, үлкен өмірге жолдама алған талай шәкірт еліміз бен халқымыздың мақтан етер ұл-қыздары болатынына сенімдіміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кустанай – Костанай: очерки истории. Кустанай с древнейших времен до 1936 года / Под редакцией проф. И.К. Тернового. – Костанай: ТОО «Костанайполиграфия», 2012. – 608 с.
2. Тургайская газета. Оренбург, 1896.
3. Тургайская газета. Оренбург, 1898.
4. Из истории города Костаная (к 130-летию). Сборник материалов и документов, издание второе, дополненное, Костанай, 2009, с. 719.
5. Журкабаева Г.С., «История школы - интерната имени Ибрая Алтынсарина» <https://allib.kz/>.

«БАЙЫПТЫ БАСШЫ – МЕКТЕП МӘРТЕБЕСІ» ЫБЫРАЙ АТАНЫҢ ӨЗ ҚОЛЫМЕН ҚАЛАҒАН МЕКТЕБІНЕ 140 ЖЫЛ

*Булекбаева Жумаиш Советовна,
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Ы.Алтынсарин атындағы мамандандырылған
мектеп-гимназия-интернаты» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

Қазақ елінің арасында тұңғыш халықтық мектептер ашып, ағарту саласында ұшан-теңіз еңбек сіңірген, есімі кеменгер Абаймен қатар



аталатын Ы. Алтынсариннің есімі берілген бұл білім ордасы кірпішінің қаланғанына 140 жыл толып отыр. Кезінде Ғ.Қайырбеков ағамыз мектебіміздің 100 жылдық мерейтойында:

«Кел, балалар, оқылық!

Академиктер, ғалымдар!

Дәл бүгінгі далаға біткен дарындар!

Қолдарыңды Қостанайға созыңдар!

Қол жетпес аяқ жетер, өзің бар!

Алтынсарин мектебінің басына

Бұл сағатта жүз қоңырау тағыңдар!

Тағыңдар да жер жаңғыртып қағыңдар!», - деп жыр-шашуын шашса, бүгінгі күні 100 қоңырау емес, 140 қоңырау тағылғалы тұр. Осыдан тура 140 жыл бұрын тұңғыш соғылған қоңырау үнін өшіріп алмай, қайта оны жаңа ғасырға жаңғыртып, бабамыздың жағып кеткен жарық шамы бүгінгі таңда мәңгі өшпестей шыраққа айналғаны бәрімізге мәлім. Осынау кең байтақ қазақ елінің солтүстік өңіріндегі балаларды білімге шақырған көне қоңыраудың сыңғырын жер жаңғыртып, үзіліссіз соғылуына атсалысқан аға-апаларымызды бұл күнде халқы ұмытар емес. Мектеп үшін жанын беріп, үздіксіз ұстаздық қызмет істеген, бұл күндері есімдері алтын әріппен жазылатын мектеп басшыларының орасан зор еңбектері жайлы айтқым келеді. Тамырын тереңге жайған бұл білім ұясының тарихы өте бай. «Азаматына қарай ауылы, басшысына қарай қауымы» демекші, бұл қасиетті шаңырақты өте тәрбиелі, дарынды және ұлтжанды абзал ағалар мен жаны жайсаң апайлар басқарып, шәкірттеріне жан-жақты тәлім-тәрбие берген.

«Жақсы басшы елге пана, үлкен-кішіге ақылы дана» дегендей, Ыбырай атамыздың өз қолымен қалап кеткен мектебіне 20-30-40 жылдары Мұхаметжан Құсайынов, Жұмағали Нұрмұхамбетов, Доскей Құлшықов сынды ағаларымыз басшылық жасап, мектебімізге елеулі еңбектерін сіңірген.

Мектеп өмірінің қиын-қыстау кездерінде 1949-1961 жылдар аралығында ең ұзақ басшы болып қызмет жасаған Дәулет Ибраевтың тұсында 3 қабатты оқу орны мен 3 қабатты жатақхана салынып, іске қосылған еді. 1960 жылы мектебімізге «Ыбырай Алтынсарин атындағы № 1 қазақ орта мектеп-интернаты» атағы берілді.

Әрбір басшының өз ұстанымы, жауапкершілік міндеті, біліктілігі мен білімділігі болғандықтан, мектептің оқу-тәрбие процесіне зор үлес қосқан Сағымбай Ешімханов 1961-1963 жылдар аралығында мектеп директоры



болды. Ол орта біліммен қатар, кәсіптік білім алып шыққан бірінші мектеп түлектерін 1963 жылы қанаттандырған еді.

1964-1969 жылдары мектептегі басқару жолында бар мүмкіндігі келгенше сапалы еңбек сіңірген Садық Жаукин 1970 жылы 7 мамырда Ыбырай атамиздың ескерткішінің қойылуы мен мұражайдың бой көтеруіне зор үлесін қосқан.

«Іскер басшысы бар ұжым озбақ, жақсы дәстүрді жалғастырып созбақ» деп даналарымыз айтқандай, мектебіміздің іскер басшыларының бірі болған, Ұлы Отан соғысының ардагері Көкжанов Болат Асмаханұлы 1969-1975 жылдар аралығында мектебімізге басшылық жасаған еді. Қазақ балаларының болашағын ойлап, халық үшін саналы өмірін сарп еткен Болат Асмаханұлы басшылық еткен кезеңде мектебіміз 1971 жылы коммунистік оқу-тәрбие жетістіктері үшін «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды. 1972 жылы мектеп ұжымы Мәскеудегі Бүкілодақтық халықшаруашылық жетістіктері көрмесіне қатысып, оның жүлдегері атанды.

1975-1977 жылдары Қасымжан Рахымжанов, 1977-1978 жылдары Мұса Шожанов, 1978-1983 жылдары Ырысалды Өтеновтар мектеп үшін аянбай, қажырлы еңбектерімен танымал болған басшылар.

Мектеп үшін қажымай еңбек етіп, өз ісін өзінен кейінгілерге үлгі еткен, 1975 жылдан бастап 1983 жылға дейін оқу ісінің меңгерушісі, ал 1983-1990 жылдар аралығында мектеп директоры болып қызмет жасаған Көпешов Беген Қаженұлының ұлтына жасаған еңбегін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. 1975 жылы мектептің осы күнгі басты оқу ғимараты мен төрт қабатты жатақханасының құрылуына және 1984 жылы мектебіміздің 100 жылдық мерейтойы қарсаңында Әл-Фараби даңғылы бойындағы жатақхана мен асхананың іске қосылуына зор еңбегін тигізіп, мектебіміз 1984 жылы «Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасына» ие болды. Сонымен қатар облыс әкімдігінің басшысы Укин Кенжебек ағайдың үлкен көмегімен Беген Қаженұлы Ы. Алтынсарин атамиздың басына мавзолей салып, мұражай ашу тәрізді игі істерді тындырған еді. Осылайша алғашқылардың бірі болып, жаңа үлгідегі мектеп-интернатымыз жас жеткіншектерге білім беретін ұяға айналды. Мектеп мәртебесі жылдар сайын өсіп, өркендеп қанатын жайды. Директор - өзі секілді білімді, тәжірибелі мұғалімдермен күнделікті өмірде бірге қызмет атқарып, өз жұмысына жан аямай құлшына кірісетін адал жан деп ойлаймын.

Ыбырайдың өз қолымен қалаған қара шаңырақта еңбек еткен аяулы да ардақты Жаркенов Кәрім Жаркеноұлы 1990 жылдан 2003 жылға дейін



басшылық қызметте болды. «Мұғалім – мектептің жүрегі. Мұғалім қандай болса, мектебі сондай болмақшы» деп Ы.Алтынсарин айтқандай, Ыбырай мектебіне Кәрім Жаркенұлының сіңірген еңбегі шексіз. Осы кісінің тұсында 1992 жылы «педагогикалық мектеп-интернаты» болса, 1994 жылы «лицей-интернаты», ал 2000 жылдан бастап «дарынды балаларға арналған мектеп-интернаты» атағына ие болды. Кәрім Жаркенұлы осындай атына заты сай мектеп болу үшін қаншама терін төгіп, қиын жолдан қорықпай, қиындықтан тайсалмай, табандылық танытып, тегеурінді қимыл-әрекет жасай отырып, мектептің басқару жүйесін дұрыс жолға қоя білген.

Ыбырай мектебінің дамуына үлес қосумен қатар ағартушы, педагог Ыбырай Алтынсариннің атын ұлықтауға сансыз еңбек етті. 1991 жылы Кәрім Жаркенұлының бастамасымен Республика көлемінде Ыбырай Алтынсариннің 150 жылдығына арналған үлкен іс-шара өтті. Бұл мерейтойға Қазақстанның түпкір-түпкірінен танымал кісілер, зиялы қайраткерлер, атақты мектеп түлектері қатысты.

Еліміз егемендікті алып, етек-жеңімізді жиып жатқан заманның қиын-қыстау кезі еді. «Намыс – адамзаттың алтын туы» дегендей, Кәрім ағамыздың ұлтқа деген жанашырлығы, сүйіспеншілігі өте жоғары болды. Қаламызда бастауыш қазақ мектебін ашатын орындар жоқтың қасы болды. Сол кезде Кәрім Жаркенұлы мектеп-интернаттың оң жақ қанатын бастауыш қазақ сыныптарына берген. Қазіргі «Қостанай қаласы білім бөлімінің №24 мектеп-гимназиясы» 1990 жылы Ыбырай Алтынсарин атындағы мектеп-интернатының қабырғасында ашылған №24 бастауыш мектеп ретінде жұмысын бастаған еді.

Шет жердегі қандастарымыз елімізге оралып, қазақ тілінің мәртебесін көтеруді қолға алған кезеңде алыс аймақтардан келген жас мамандардың жұмыс іздеп жүрген уақыты болатын. Өзінің көрегендігімен алысты болжай білетін Кәрім Жаркенұлы әр жерден келген жас мамандарға Ыбырай мектебінен жұмыс беріп, баспанасы жоқтарға жатақханадан жататын орын берді. Ол кісінің жақсылығы әрдайым сол маман иелерінің жадында.

Содан соң бұл мектепті 2004-2012 жылдары аралығында «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі», «Ыбырай Алтынсарин медалінің» иегері Қайырова Сәбира Бірмағамбетқызы басқарды. Осы кісінің тұсында талай шәкірт білім алған мектеп ғимараты бүгінде күрделі жөндеуден өтіп, материалдық-техникалық базасы мықты мектепке айналды. Ыбырай мектебінің ыстығына күйіп, суығына тоңа білген абзал



басшы Сәбира Бірмағамбетқызы шәкірттердің ғана емес, осында еңбек ететін ұстаздардың да ұстазы десем артық болмас еді.

Бүгінгі жаһандану заманында білім беру ісіне, мұғалімге, жас ұрпақты тәрбиелеуге жаңа көзқарастар пайда болды. Тәуелсіз ел атанып, төбемізге ту тігіп, тіліміздің мәртебесін арттырып әлемге атымызды танытып жатқан кезеңде ұлттың, елдің болашағы - жас ұрпаққа білім беру мәселесіне ерекше көңіл бөлініп отырғаны мәлім. 2017 жылдан бастап қара шаңырағымызды «Ыбырай Алтынсарин медалінің» иегері Келинбердиева Ырсалды Сиелхановна басқарып келеді. 140 жылдық тарихы бар мектебіміз жылдан-жылға көркейіп, мықты білім ошағына айналып, көптеген білім сайыстарында толағай табыстарға жетуде. Бұның өзі мектепті басқарып отырған Ырсалды Сиелхановнаның «бір жағадан бас, бір жеңнен қол» шығаратын ұйымшыл ұжымының жемісі деп толық айтуға болады. Ы.Сиелхановна - өзінің адамгершілік, парасаттылық қасиетімен мұғалімдерге алаңсыз жұмыс жасауға жағдай жасай білетін білікті, жаңашыл басшы. Мұғалімдер мен тәрбиешілер де мектеп басшысының айтқанын бұлжытпай орындап, біліктілік көрсетумен қатар, өздерінің авторлық бағдарламаларын жазып, облыстық, республикалық конкурстардан жүлделі орындарды жеңіп алып, «Үздік педагог» деген марапатты да иеленді. Атап айтсақ, Тасанова Г.М – республикалық «2022 жылдың үздік педагогі» атағының иегері.

Республика бойынша олимпиада, ғылыми жұмыс, түрлі конкурстар, ҰБТ көрсеткіштерінен үнемі жоғары деңгейді көрсетіп жүрген Ыбырай мектебі соңғы 2022, 2023, 2024 жылдарда бұрынғыдан да биіктен көрінуде. Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданы алатын болсақ, I орын - 1, II орын - 1, III орын - 2. Республикалық «Ясауи» олимпиадасынан - I орын. Қ.Бітібаева атындағы қазақ тілі мен әдебиеті республикалық олимпиадасы I орын -1, III орын -1. 5-6 сынып оқушылары арасында жалпы пәндік олимпиаданың республикалық кезеңі - I орын. Е.А.Бөкетов атындағы Халықаралық олимпиада III орын. Республикалық IT-жобалар - II орын. Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсы - I, II, III орын. «Әл-Фараби - 2023» халықаралық олимпиадасы - III орын. Ө.Жолдасбеков атындағы Халықаралық конкурсы III орын сынды марапаттар мектебіміздің қоржынында. Мұндай керемет жетістікке жетуге мектебіміздің көп жылдар үздіксіз жұмыс жасап келе жатқан ұлағатты ұстаздары мен мектепті басқарып отырған Ырсалды Сиелхановнаның тікелей еңбегі деп айтуға болады. Дарынды оқушыларымызды одан әрі ынталандыру үшін «Алтынсарин жұлдыздарының шеруі» атты мереке



мектебіміздің жылма-жыл дәстүріне айналды. Сонымен қатар жыл сайын облыстық деңгейде Ыбырай Алтынсариннің туған күніне орай өткізілетін «Ыбырай оқулары» атты іс-шара өз жұмысын жалғастыруда.

Әр істі тыңғылықты, үлкен абыроймен және асқан жауапкершілікпен орындайтын, үлкенге ілтипатты, кішіге қамқор бола білетін Ы.Сиелхановна, ҚР Оқу-ағарту министрлігі «ДАРЫН» республикалық ғылыми-практикалық орталығының 25 жылдығына орай «Үздік көшбасшы - 2023» марапатына ие болды. Халқымызда «Көп жас жасағаннан емес, көп игілікті ісі бардан сұра» демекші, ұжымды жетістікке жеткізуге дем беретін басшының ықпалы мен бала тәрбиесіне үлкен мән беретін жаңа жобалар мектебімізді жоғарыдан көрсететіні хақ!

Сөзімді қорыта келіп, Ыбырай мектебінің дамуына үлес қосқан, есімдері тарих қойнауында мәңгі қалатын іскер басшыларды халқы ұмытар емес. Сол себепті «Байыпты басшы - мектеп мәртебесі» демекпін. Алдағы уақытта Ыбырай мектебінен Шоқандай ғалым, Ыбырайдай ұстаз, Ахметтей дарынды кісілер тәрбиеленіп шығатынына сенемін. Қазығын Ыбырай атамыздың өзі қаққан алтын ұядан осынау мерзім ішінде талай жас қанат қомданып ұшты. Мектебі түлектеріне қанат байласа, түлектері білім ордасының мерейін өсірді. Елімізге танымал талай жандар өздерін осы мектептің түлектері екенін мақтан етеді.

НАПРАВЛЕНИЕ, В КОТОРОМ ЧЕЛОВЕК НАЧИНАЕТ СВОЕ ОБРАЗОВАНИЕ, ОПРЕДЕЛИТ ЕГО БУДУЩУЮ ЖИЗНЬ

*Абикенова Гульбану Абдырзаковна,
учитель английского языка
КГУ «Специализированная школа-гимназия-интернат
имени Ы.Алтынсарина»
Управления образования акимата Костанайской области*

Процесс образования сложен и требует усердия, настойчивости и самодисциплины. Но тот, кто научился получать удовольствие от поиска новых знаний — обречен стать успешным [1].

Древнегреческий философ Платон сказал: «Направление, в котором человек начинает свое образование, определит его будущую жизнь» [1] и это действительно так, оно оказывает огромное влияние на его будущее, формируя профессиональные навыки, интересы и возможности.



На базе КГУ «Специализированная школа-гимназия-интернат имени Ы. Алтынсарина» одним из таких направлений и формой активизации учебно-воспитательного процесса, организации самостоятельного получения знаний учащимся, а также в поисках оптимального способа изучения английского языка в старших классах становится традицией проводить в феврале месяце областную конференцию YAMUN или «Ы. Алтынсаринская модель ООН».

Ыбырай Алтынсаринская модель ООН (Y. Altynsarin Model United Nations, YAMUN) — это симуляция работы Организации Объединенных Наций, которая проводится в честь казахского просветителя Ыбрая Алтынсарина. Эта модель, подобно другим MUN (Model United Nations), направлена на вовлечение молодежи в обсуждение международных проблем и принятие коллективных решений на основе принципов и процедур ООН.

В контексте модели ООН образовательное направление играет ключевую роль в подготовке участников к глобальным вызовам и дипломатической работе. Направление образования оказывает значительное влияние на карьерный путь и личностное развитие человека. В контексте модели ООН, правильный выбор образовательного направления может стать ключом к успешной карьере в области международных отношений и дипломатии. Участие в таких конференциях не только обогащает академические знания, но и развивает практические навыки, необходимые для успешной профессиональной деятельности на международной арене.

В конференции YAMUN могут принять участие старшеклассники, учащиеся 9-11 классов образовательных учреждений Костанайской области.

Что такое MUN и YAMUN? Организация Объединенных наций (ООН) — это международная организация, важнейшая цель которой — обеспечение мира и спокойствия на всей планете. Она была создана для улучшения связей между государствами и безопасности содружества стран. Важнейшими задачами ООН также являются миротворческая деятельность, соблюдение прав человека, поддержание мира и международной безопасности, пресечение распространения оружия, сокращение и ликвидация всех запасов оружия массового уничтожения [2, с. 13].

MUN (Модель Организации Объединенных Наций) – Моделирование Организации Объединенных Наций – это ролевая игра, во время которой



имитируется работа органов системы ООН [3]. МООН это также серия программ, проводимых во многих городах Казахстана и во всем мире.

YAMUN или Ы. Алтынсаринская модель Объединенных наций – это Алтынсаринская конференция, где молодые люди нашей области (учащиеся старших классов и студенты колледжей) могут собраться вместе, чтобы обсудить глобальные проблемы.

В отличие от других моделей ООН Алтынсаринская модель ООН несет в себе просветительскую миссию: модель названа в честь Ыбрая Алтынсарина, выдающегося казахского педагога и просветителя, что подчеркивает ее образовательную направленность и стремление к развитию знаний и навыков среди молодежи. Алтынсаринская модель, в отличие от международных MUN несет в себе и культурный контекст, может включать элементы казахской культуры и истории, что способствует более глубокому пониманию местного контекста и его интеграции в глобальные дискуссии.

Участие в Ы. Алтынсаринской модели Объединенных наций способствует развитию навыков критического мышления, публичных выступлений, переговоров и дипломатии, что важно для личностного и профессионального роста молодых людей.

Тема YAMUN 2024 года: "Устойчивое Развитие 2030: Глобальные Действия для Обеспечения Будущего" была приурочена 140 летнему юбилею учебного заведения с глубокой историей, богатым настоящим и светлым будущим. Алтынсаринская модель ООН ежегодно создает платформу для диалога и сотрудничества между молодыми людьми из разных школ области и способствует обмену знаниями и опытом. Сама конференция - ролевая игра проходит в течение 2-х календарных дней: 1-й день - открытие и конференция, подведение итогов в комитетах, оформление резолюций, закрытие. 2-й день – работа оргкомитета, подведение итогов конференции. YAMUN Конференция включает в себя (Registration) [4, с.22] регистрацию участников (онлайн) и получение ими комплекта рабочих материалов Конференции (Delegate's Handbook), (Opening ceremony) Торжественное открытие, работа секций, органов, направлений ролевой игры, церемония подведения итогов (Presenting resolution) и закрытия Конференции (Closing ceremony).

В этом, 2024 году, работало 8 комитетов на трех языках. В результате работы Конференции разрабатываются и принимаются итоговые документы (Draft Resolutions [5]), которые, представляют собой согласованные решения по важнейшим проблемам жизни и развития современной цивилизации. Итоги подводятся во второй день работы



Конференции, где заседают только председатели (Committee chairs) и их заместители (press secretaries); они разрабатывают итоговые документы конференции. Всем участникам вручаются именные сертификаты Конференции, которые были разработаны активистами-организаторами, а наиболее активные и отличившиеся участники по решению оргкомитета награждаются почетными грамотами (Best Delegate and Outstanding Delegate), также награждается лучший журналист (Best Journalist) осветивший работу кабинетов.

Безусловно наша модель ООН играет большую роль в образовании обучающихся и имеет как образовательное так и практическое применение т.к. наша модель – YAMUN позволяет учащимся применить теоретические знания на практике, участвуя в дебатах, разработке резолюций и решении международных проблем, а также помогает развивать важные мягкие навыки, такие как публичные выступления, лидерство и межкультурная коммуникация. Регулярные выступления перед аудиторией помогают улучшить ораторские способности, уверенность в себе и умение выражать мысли четко и убедительно. Также участие в YAMUN способствует развитию лидерских качеств и умений работать в команде, что необходимо для успешного ведения переговоров и достижения консенсуса. Участники MUN учатся анализировать сложные проблемы, критически оценивать информацию и находить решения, что важно для академической и профессиональной карьеры.

Учащиеся узнают об актуальных международных вопросах и проблемах, что способствует их общей эрудиции и гражданской активности. Все вышеперечисленное поднимает компетентность учащихся старших классов о глобальных проблемах и обстановке в мире.

Ыбрай Алтынсаринская модель Организации Объединенных наций является важным инструментом в образовании, способствующим всестороннему развитию учащихся и подготовке их к будущей профессиональной деятельности.

Популярность проведения модели ООН в мире растет из года в год. Ежегодно тысячи молодых людей со всех концов света собираются из разных стран мира, и думают, как решить ту или иную глобальную проблему человечества. Все это происходит в условиях близкой к реальной мировой политике, когда каждый участник отстаивает позицию выбранного государства. В ходе игрового процесса необходимы такие знания, как умение слушать оппонента, вести переговоры, умение убеждать, понимать, когда надо уступать, умение договариваться и отстаивать свою позицию [3].



Таким образом, Ы. Алтынсаринская модель Объединенных наций остается актуальной образовательной и практической платформой в нашей области, которая продолжает вдохновлять и обучать молодых людей, готовя их к активной и ответственной роли в глобальном сообществе и выбор образовательного направления действительно является одним из наиболее значимых решений, которые человек принимает в своей жизни. Именно этот выбор определяет не только профессиональную траекторию и финансовое благополучие, но и личное развитие, уровень удовлетворенности жизнью и вклад в общество.

Список использованных источников:

1. <https://exiterra.ru/blog/tsitaty-velikikh-lyudey/tsitaty-pro-obrazovanie-i-vospitanie-motivatsiya-i-vdokhnovenie/>
2. Юный ученый Международный научный журнал № 5 (25) / 2019 стр. 13
3. Исмаил Денильханов, Модель ООН. Пособие для участников и организаторов, 2019, ISBN 978-5-0050-7920-6
4. В. А. Астапенко, Н. Е. Бестолкова, Е. А. Достанко и др. Под общ. ред. В. В. Радивиновского, А. В. Селиванова/ Моделирование ООН: Метод. пособие по проведению ролевой игры;— Мн.: Асобны Дах, 2004.— 80 с. ISBN 985-6697-84-0.
5. Draft Resolutions, By David L Williams, in collaboration with the THIMUN Foundation, Adapted from Williams/Stein: Preparation and Practice-Booklet

МӘНМӘТІНДІК ОҚЫТУ- АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕТУДІҢ ТИІМДІ ӘДІСІ

Байсингирова Салтанат Молдабековна,
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Ы.Алтынсарин атындағы мамандандырылған
мектеп-гимназия-интернаты» КММ
ағылшын тілі пәнінің мұғалімі

Қазіргі уақытта ағылшын тілін білу жетістікке жетуді көздеген әр азамат үшін маңызды дағдыға айналды. Сол себепті, ағылшын тілін мектепте тиімді үйретудің қажеттілігі аса зор. Ағылшын тілі әлемнің ең жақсы білім ресурстарына жол ашатын бірден-бір құрал болып табылады. Заманауи педагогикалық тәжірибеде ағылшын тілін оқытудың түрлі әдіс-



тәсілдері кеңінен тараған. Соның ішінде оқушылардың белсенділігін арттырып, жоғары зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамытып, сабақ барысында игерген білімдерін тәжірибемен ұштастыруға ықпал ететін мәнмәтіндік тапсырмалар әдісінің орны ерекше. Ағылшын тілін үйрену оқушылар үшін күрделі болып көрінуі мүмкін, алайда мәнмәтіндік тапсырмаларды қолдану арқылы ағылшын тілін үйрену үрдісін қызықты әрі тиімді ете аламыз. Бұл әдіс оқушылардың ойлау, сөйлеу, тыңдау, оқу қабілеттерін дамытып қана қоймай ағылшын тілін «іс жүзінде» қолдануға бейімдейді. Сонымен, мәнмәтіндік тапсырмалар дегеніміз не? Мәнмәтіндік тапсырмалар - ағылшын тілін шынайы ортада қолдануды талап ететін тапсырмалар болып табылады. Мәселен, рөлдік ойындар, жағдаяттық диалогтар құру, хат немесе эссе жазу, мәтінді аудару, тіпті ағылшын тілінде блог жүргізу сынды тапсырмалар.

Қазіргі қоғамда белсенді, жан-жақты білімді, бейімделгіш азаматтардың қажеттілігі жоғары сұраныста болғандықтан, оқушының сабақ барысында игерген білімін шынайы өмірде қолдана білуі өте маңызды. Мәнмәтіндік тапсырмаларды ағылшын тілі сабақтарында қолданудың артықшылығы:

- оқушылардың ішкі мотивациясы артады: мәнмәтіндік тапсырмалар ағылшын тілін оқу үрдісін қызықты әрі тартымды етеді себебі, бұл тапсырмалар оқушының білімін шынайы мақсаттар үшін қолдануға мүмкіндік береді;

- білім алушылардың коммуникативтік құзыреттіліктері дамиды: мәнмәтіндік тапсырмалар оқушылардың сөйлеу, тыңдау, оқу және жазу дағдыларын шынайы жағдайларда дамытуға көмектеседі;

- сөздік қорлары кеңейеді, грамматикалық құзыреттіліктері қалыптасады: мәнмәтіндік тапсырмалар оқушыларды жаңа лексиканы оқып-үйренуге жігерлендіреді және грамматикалық құрылымдарды шынайы тәжірибеде пайдалануға мүмкіндік береді;

- оқушылардың өзіне деген сенімділігі артады: оқушылар жұптық, топтық жұмыстар барысында өз пікірлерімен бөлісіп үйренеді, көшбасшылық қабілеттері артады;

- оқушылардың мәдениаралық құзыреттілігі дамиды: мәнмәтіндік тапсырмалар оқушыларды ағылшын тілді елдердің мәдениетімен, салт-дәстүрімен таныстырып, ағылшын тілді сұхбаттасыңды жақсырақ түсінуге көмектеседі.

Мәнмәтіндік әдіс - тәжірибеге бағытталған оқыту тәсілі болып табылады. Яғни, оқушылар ағылшын тілінің фонетикасын, грамматикасын немесе тілдік құрылымдарды теория жүзінде оқып қана қоймай, оны



өмірдің әр саласында (әлеуметтік, политикалық, экономикалық, т.б.), күнделікті тәжірибеде кездесетін әртүрлі жағдайларда пайдалана алуына негізделген. Мәнмәтіндік оқыту тәсілі конструктивті оқыту әдісіне сүйенеді және оқушылардың белсенді іс - әрекеті арқылы жүзеге асады. Сол себепті, мәнмәтіндік оқыту тәсілі арқылы оқушылардың коммуникативтік қабілеттілігі мен дарындылығын арттыру барысында оқытудың белсенді әдістері мен түрлерінің атқаратын рөлі зор. Рөлдерді сомдай отырып, тәжірибеде қолданады. Сонымен, мәнмәтіндік әдіс дегеніміз - «оқу - танымдық» іс-әрекеттен, «әлеуметтік - тәжірибелік» іс-әрекетке көшу, яғни оқушылар алған білімдерін әртүрлі деңгейде қолдана алады [1].

Ағылшын тілін үйретуде қолданылатын мәнмәтіндік әдіс-тәсілдің бірі - сабақ барысында проблемалық жағдаят туындату, яғни, мұғалім оқушыға өмірлік немесе ойдан шығарылған жағдаятты ұсынып, оқушыға алған білімі мен тәжірибесіне сүйене отырып, осы жағдаятқа атсалысуға ұсыныс білдіреді. Бұл сынды тапсырмалар оқушыларға игерген білімдерін пайдалана отырып, шынайы өмірде кездесетін әр түрлі жағдайлардан шығу жолдарын табуға бағыттайды. Оқушылардың ағылшын тілінде диалогтік және монологтік сөйлеу қабілеттерін арттырады.

Мәнмәтіндік тапсырмаларды құрастыру барысында оқушылардың жас ерекшелігі, қызығушылығы мен тапсырмалардың өзектілігі, оралымдылығы, жағдаяттардың күнделікті өмірмен және оқушылардың игерген білімі және тәжірибесімен байланысты болуы ескерілген жағдайда әдіс тиімді болмақ.

Мәнмәтіндік сабақтың негізгі мақсаты оқушыларды тиісті кеңістікке енгізу арқылы оқуды оңай әрі тиімді ету. Бұл сабақтарда саябақта, кинода, қалада, туристік агенттікте, көрмеде, Лондонда деген сынды кәдімгі ағылшын тілді ортаны құру, оқу теориясын тәжірибемен ұштастырып, сабақ сапасын және оқушылардың тілдік құзыреттілігін арттырады. Осылайша, оқушы ағылшын тілі мен бұрыннан білетін білімінің арасында тығыз байланыс орнатады. Бұл игерген білімнің тәжірибелік құндылығын арттырады. Мәнмәтіндік тәсіл арқылы:

- күрделі ақпарат оқушыларға түсінікті болу мақсатында шынайы өмірмен байланыстырып беріледі. Бұл оқушының ішкі мотивациясын арттырады;
- оқушылардың қызығушылығына қарай тапсырмалардың икемділігі мен бейімділігі ескеріледі;



- тілді оқып - үйрену қызықтырақ бола түседі және оқушыларды оқуға оңай жігерлендіреді. Себебі, оқушылар тілді шынайы мақсаттар үшін үйренуде екенін түсінеді;

- оқушылардың қоршаған әлем туралы танымдары және жалпы білім дағдылары артады;

- топтық жұмыстар оқушылардың көшбасшылық қабілеттерін дамытып, топта жобамен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастырып, болашақта әлеуметтік ортаға тез бейімделуіне көмегін тигізеді [2].

Мәнмәтіндік тапсырмаларды қолдануда оқушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылығы ескеріледі. Бастауыш буындарда оқушыларды ойын, қызықты иллюстративті құралдар, түрлі сайыстар арқылы қызығушылығын оятуға болады. Орта буын оқушылары үшін шынайы жағдаяттық тапсырмалар, рөлдік ойындар, мәселелік жағдаяттар, сахналық қойылымдар сынды тапсырмалар тиімді болмақ. Мәселен, 9 сыныпта «Қайырымдылық» тақырыбы аясында оқушылар әртүрлі әлеуметтік мәселелер, шетелдегі және еліміздегі қайырымдылық қорлары туралы ақпаратпен танысып, кейін оларға өз проект жұмыстарын жасауға ұсыныс жасалады. Оқушылар өз қайырымдылық қорларының проектісін жасап, оның мақсат, міндеттерімен, қызмет түрлерімен таныстырады. «Саяхат және туризм» тақырыбы аясында оқушыларға Лондон және Астана қалаларының көрікті жерлері туралы ақпараттар беріліп, оларға гид рөлі ұсынылады. Оқушылар карта немесе суреттерді пайдаланып, Лондон немесе Астана қаласының көрікті жерлерін таныстырады. «Қоршаған орта» тақырыбы бойынша оқушыларға елімізде жиі қайталануы мүмкін табиғи апаттар кезінде қажетті «Дайындық жоспарын» құрауға тапсырма беріледі. Сонымен қатар, әртүрлі тақырыптарда шынайы жағдаяттарға негізделген рөлдік ойындарды ұсыну оқушыларды ағылшын тіліндегі сөйлеу қабілеттерін дамытып қана қоймай, олардың тілді шынайы тәжірибеде қолдануға бағыттайды. Мысалы, 6 сыныпта «Shopping» тақырыбы бойынша «Өзіңізді дүкенге бардым деп елестетіңіз және сатушыдан өзіңізге керек заттардың сапасы мен бағасы жайлы сұраңыз», немесе 9 сыныпта «The Age of Cybernetics» тақырыбы бойынша «Қаладағы ең атақты мейрамханалардың біріне барғаныңызды елестетіңіз, ол жерде сізге киборг-даяшы қызмет көрсетті. Өз реакцияңызды сипаттаңыз. Киборг-даяшымен диалог құрыңыз, бірінші, екінші тағамға тапсырыс беріңіз. Тағамның құрамы мен дәмі туралы сұраңыз» сынды қарапайым жағдаяттарды шешу арқылы оқушылар білімдерін кәдімгі ортада қолдануға дағдыланады. Сонымен қатар мәнмәтіндік тапсырмалардың мысалы ретінде хат немесе эссе жазу тапсырмасын да



қарастырамыз. Оқушыларға ағылшын тілді досыңа немесе туысыңа хат жазып, «өз жаңалығыңмен және болашаққа жоспарыңмен бөліс» немесе өз пікіріңді білдіру эссесін жазу тапсырмалары арқылы олардың жазу дағдыларын қалыптастырып қана қоймай, сонымен бірге білімді тәжірибеде қолдануға үйретеді.

Мәнмәтіндік сабақтарға мұғалім тиянақты дайындалғаны дұрыс және мәнмәтіндік сабақты өткізілген материалды бекіту барысында қолданған тиімдірек болмақ. Себебі, оқушылардың берілген тақырып туралы негізгі түсінігі, білімі, сөздік қоры жеткілікті болады. Сол себепті, оқушылар өздерін еркін сезінеді, тапсырмаларды белсене орындайды. Сонымен қатар мәнмәтіндік тапсырмаларды құрастыру барысында жеңіл тапсырмалардан бастап, күрделілік деңгейін бірте-бірте арттырған тиімді [3]. Тапсырмаларды құрастыру кезінде сөздік, оқулық, онлайн репетитор, т.б. сынды әртүрлі қосымша дереккөздерін пайдалануға болады. Мәнмәтіндік тапсырмаларды ағылшын тілі сабақтарында жиірек пайдалану нәтижелі болмақ.

Мәнмәтіндік тапсырмалар - білім сапасын арттырудың тиімді құралы болып табылады. Заманауи ағылшын тілі сабақтарын қызықты әрі тиімді ету жолында мәнмәтіндік тапсырмалардың көмегі айтарлықтай болмақ. Мәнмәтіндік тәсілді ағылшын тілі сабақтарында қолдану тәжірибесінен кейін, бұл тәсілдің мектеп оқушыларын шетел тілін шынайы жағдаяттарда пайдаланып, қоғамға бейімделуінің тиімді жолдарының бірі екенін байқауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. М.А. Айсаева, Р.Б. Жусупова «Шет тілдік білім беру үдерісіндегі мәнмәтіндік оқыту амалының теориялық мазмұны» Абай атындағы ҚҰПУ, Алматы қ.

2. С.Авдарсоль «Информатикадан критериялық тәсіл негізінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын бағалау жүйесін дамыту» Абай атындағы ҚҰПУ, Алматы қ.

3. <https://infolesson.kz/kontekstnie-zadachi-i-sposobi-ih-resheniya-na-urokah-angliyskogo-yazika-1353041.html>

4. <https://grade.ua/blog/how-to-set-context-for-an-english-lesson/>

5. <https://cyberleninka.ru/article/n/kontekstnyy-metod-izucheniya-instrannogo-yazyka-kak-put-razvitiya-odarenyih-detey>



МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН СЫНЫПТА ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Бүлекбаева Жумаш Советовна,
Мағзұм Гүлнұр Әмірханқызы,
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Ы.Алтынсарин атындағы мамандандырылған
мектеп-гимназия-интернаты» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері*

Еліміздегі білім беру жүйесіне кірген жаңалықтардың барлығы педагогтер мен бүгінгі мектеп алдында үлкен жауапкершілік жүктеп отыр. «Қазақ әдебиеті» пәнінің білім беру жүйесіндегі басты пән ретінде алдыға қойған мақсаты мен көтерер жүгі заман талаптары деңгейінде болуы керек. «Қазақ әдебиеті» пәнінің негізгі міндеті – оқушылардың рухани әлемін байытып, адамгершілік, азаматтық тәрбие беру, биік талғам, эстетикалық дүниетанымын қалыптастыру, ой-өрісін дамытып, сөйлеу мәдениеті мен тілдік тұлғаларды дұрыс қолдануға үйрету. Осы оқу мақсаттарын орындау арқылы олардың өзін-өзі дамытуына үлес қосу. Білім бағдарламасында мамандандырылған мектепте әдебиетті оқу пән шеңберінде оқушылардың зерттеушілік іс-әрекет негіздерін меңгеруін көздейді, білім беру деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз етеді. Гуманитарлық бағыттағы қазақ әдебиетінің тарихы мен теориясы саласындағы білімдерін пайдалана отырып, көркем мәтінді талдай білуге баса назар аударылады. Әдеби-көркем материалда жалпылау жасай білу, әр дәуірдегі әдеби шығармаларды салыстыра білу де маңызды. Пәнді оқытудың мамандандырылған деңгейі бар сыныптар үшін міндетті минимум оқытылатын шығармалар тізімін біршама кеңейтуге мүмкіндік береді. Жалпы, бейіндік деңгей жазушының есімдері мен шығармаларының шеңберін кеңейтуді ғана емес, әдеби материалды басқа, тереңдетілген деңгейде меңгеруді көздейді [1, 60-б.].

Әдебиетті оқыту мәні жағынан нақтырақ, филологиялық сипатқа ие болады. Ал әдебиет курсы оқытудағы ең маңызды міндет-түсіну міндеті ретінде анықталады. Осылайша, әдебиет арқылы тұлғаны тәрбиелеу сияқты білім берудің жаһандық мақсаты оқушының оқу мәдениетін қалыптастыру арқылы шешіледі. Оқу мәдениетін дамыту, әрине, бұл дағдылардың барлығы мектептегі әдебиет сабағында талданатын шығармаларды оқу кезінде ғана емес, сонымен қатар кез келген басқа көркем әдебиетті оқу кезінде де көрінетінін болжайды. Сонымен,



мамандандырылған мектептің түлегі көркем мәтіннің әр түрлі деңгейлерінде көрінетін көркем шығарманың өзіндік ерекшелігін де, оның дәстүрлілігін де көреді (тек сөз қолданысы мен стилінде ғана емес, сюжеті мен композициясында, кейіпкерлер жүйесінде, кеңістік пен уақыт сияқты категориялардың ерекшеліктерінде); шығарманы әдеби, тарихи-мәдени және тарихи-әлеуметтік контексте, оның тарихи-әдеби және тарихи-көркемдік байланыстарында түсінуге ұмтылады [2, 91-б.].

Блум таксономиясындағы білім, білу аталған стандарттарда оқыту мақсаттары жүйесіндегі бастапқы саты ретінде қабылданған. Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында анық көрсетілген танымдық сипаттағы дағдылардың біразы «Қазақ әдебиеті» пәнінің бағдарламаларында қолданылмай, олардың орнына жауап беру, интерпретация, салыстыру дегендер қосылған. Оқу мақсаттарының жүйесін өзіміз жасай алмадық, мемлекеттік стандарт деңгейінде Блумның таксономиясын қабылдадық. Білім мен ғылым саласын басқарушылар оқу мақсаттарының жүйесін өздері жасай алмай, Блумның таксономиясын мемлекеттік стандарт деңгейінде қабылдап отырып, Блумның таксономиясын да дұрыс қолдана алмады. Жаңартылған бағдарламаларда оқыту мақсаттары: 1) «Түсіну және жауап беру», 2) «Анализ және интерпретация», 3) «Бағалау және салыстыру» деп, үш топқа бөлініп жүйеленді. Бұлардың алғашқы сыңарлары Блумның таксономиясындағы басты құрамдастар, қалған үшеуін бағдарламаны құрастырушылар мен бекітушілер қосқан. Бұл – білім берудің тарихы мен теориясында, оқыту мақсаттары бойынша ғылым мен білім қорында қалыптасқан, білім беру өндірісінде стандарттық деңгейде кеңінен қолданылып отырған ғылыми-әдістемелік, психологиялық, танымдық, нормативтік жүйе негізінен ауытқудың көрінісі [3].

Бүкіл оқу үдерісі тұлғаның көзқарастарының кеңдігін тәрбиелеуге, оның эмоционалдық аясын қалыптастыруға, толеранттылыққа, ізгілікке, өзін-өзі сынауға тәрбиелеуге бағытталған. Оқытудың белсенділік принципі оқушының белсенді оқу ұстанымын және оқуға деген дамыған мотивациясын қалыптастыруға көмектеседі. Ол мектеп оқушыларының терең және нәтижелі оқу іс-әрекетінде ғана емес, сонымен бірге олардың әдеби-көркем шығармашылығында да көрініс табады. Бұл дегеніміз, аналитикалық сипаттағы жұмыстардан басқа, оқушылар шығармашылық тапсырмаларды да орындайды, соның ішінде рецензия жанрында жұмыс істеуге үйренеді. Дәл осы бағытта олар әдеби құбылысты дайын схемалар мен стереотиптердің ықпалына түспей-ақ еркін бағалау қабілетін барынша көрсете алады.



Мектептегі әдеби білім беру барысында іс-әрекеттік тәсілді жүзеге асыру баланың жеке басының күшті жақтарын дамытуға және әлсіз жақтарын теңестіруге ықпал етеді; оқытудың бастапқы кезеңдерінде дарындылықты анықтауға мүмкіндік береді. Оқу-зерттеу жұмыстарына мамандандырылған мектептің жоғары сынып оқушылары тартылады. Бұл әрбір қарастырылып отырған тақырып бойынша оқыту мектеп бағдарламасында оқытылатын құбылыстардың шеңберінен шығып, оқушыларды өз бетінше оқуға, рефлексияға және бағдарламадан тыс материалдарды (ең алдымен мұғалімнің жетекшілігімен) тартуға ынталандырады дегенді білдіреді. Оқушылардың жеке және ұжымдық оқу-зерттеу іс-әрекеті сыныптан тыс жұмыстарда жалғасады және проблемалық оқу-зерттеу жұмыстарында жүзеге асырылады [4, 73-б.].

Гуманитарлық бағыттағы жоғары сыныптарға арналған әдебиет курсы көркем шығармаларды барынша тереңдетіп оқытуға негізделген. Мұндай зерттеу шығарманың тілін жан-жақты қарастыруды көздейді (дыбыс пен стильден бастап көркем тіл мен стильдің өзіндік ерекшелігіне дейін), оның көркемдік формаларының мазмұндылығы және сайып келгенде, жазушының дүниетанымының өзіндік ерекшелігі, зерттелетін шығарманың көркемдік әлемінде, осы шығарманың дәстүрлілігі мен көркемдік жаңашылдығында көрініс тапты. Жалпы орта білім беру саласы бойынша жаңартылған білім бағдарламасында мамандандырылған 10-сыныптар үшін қазақ әдебиеті пәні бойынша екі сағат қосымша берілген. Осыған орай 10-сыныпқа арналған «Оқу құралы» жаңартылған білім бағдарламасы негізінде жасалынып шыққан болатын. «Оқу құралының» өзектілігі әр бала тақырыпқа қосымша берілген әдеби шығармаларды оқу арқылы өзінің көркем ойлау санасын және әдемі сөйлеу дағдысын қалыптастырады. Сонымен бірге әдебиетті өмірмен байланыстыра оқыту арқылы көркем шығармадан тәлім алуға, шәкірттердің оқырмандық мәдениетін, қызығушылығын қалыптастырып олардың әдеби қабілетін дамытуда жеке тұлғанын жан-жақты дамуына зор үлес қосады.

Қалай болған күнде де көркем әдеби шығарманың қоғамдық, тәрбиелік маңыздылығымен белгілі бір деңгейде эстетикалық сезімімізге әсер ете алатындығы турасындағы зерттеулер мен мамандар пікірі бір арнаға тоғысып отыр. Демек, әдебиеттің құдіретін, әлеуметтік мәнін күллі қоғамды өзгертушілік күшін осы тұрғыдан тану шарт. Әдебиет ескірмейді. Оқушы бойында эстетикалық талғамды дамытып, көркем туындыдағы имандылық пен ізгілікті ой көзімен қарап терең пайымдауға жол ашу; әдеби білім мазмұнын оны анықтайтын ұстанымдармен өмір талабына сай



оқыту; оқушылардың өздігінен ізденуіне, шығармашылықпен әрекеттенуіне жол ашу; әр оқушыға өзінің қоғамдық рөлі мен жауапкершілігін сезіндіру, шығармадағы үйлесім мен әсемдікті танып ұға білу – «Оқу құралының» басты мақсаты болмақ [5, 14-б.].

Оқу құралы бөліктерінде қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы бағдарлама мазмұнына сәйкес тақырыптар жасай отырып, оларға қосымша дидактикалық материалдар құрастырылып берілген. Оқушыларға пәнді терең ұғындыру үшін тақырыптық жоспар бойынша жүргізілетін ақын-жазушылардың өмірбаяндары мен шығармаларына ерекше мән берілген. Анықтамалық материалдарды тереңнен зерттеуге, ізденіс пен белсенді танымдық қызмет жасауға мүмкіндік бере алатындай тапсырмалар тізбегі оқушы деңгейіне сәйкес жасалынған.

Әдеби үрдісте қай кезде де маңызын жоймайтын, әр дәуірді ерекшелеп тұратын және сол қоғамның болмысын әйгілейтін тақырыптар болатыны рас. Күні кеше тарих қойнауына кеткен толайым бір ғасырда қоғам қалай құбылса, «заманына қарай амалы» демекші, тақырыптар да түрленумен болды. Құралдың мазмұндық ерекшеліктеріне мән берсек, пән арқылы берілетін білім оқулық көлемімен шектелмей, қосымша, ғылыми-танымдық әдебиеттердің айналасына шоғырландырылған. Оқу құралы, оқулық, хрестоматия аудиоқосымша бір-бірімен өзара тығыз байланыса келіп, тұтас кешенді құрайды. Осы тұтас кешенде нақты тақырыптар шеңберінде берілген мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу, толықтыру сынды ерекшеліктері көзделген. Оқу құралында қазақ тілінің шешендік өнер, сөз, пікірталас мәдениетіне қатысты теориялық тұжырымдармен ұштастырыла берілген [6, 36-б.].

Әдебиет пәні оқушы бойында биік эстетикалық талғамды дамытуды, өнер туындысындағы, табиғаттағы, адамдар қарым-қатынасындағы үйлесім мен әсемдікті танып ұға білуге, дұрыс бағалауға, әсерленуге, терең пайымдауға үйретеді, сонымен бірге ол көркем әдебиетке деген сүйіспеншілікті, ынта-ықыласты оята отырып, оқырман мәдениетін қалыптастырады. Жеке тұлғаның, адамның рухани әлемін, оның адамгершілігін, ойлауын, көңіл-күй сезімін, тілін, шығармашылық әрекет-бастауларын дамытуда ерекше орын алады.

Оқу құралын пайдалана отырып: оқушы өз ойын еркін түрде ауызша және жазбаша білдіре алады, пікір білдіргенде нақтылы дәлелдер тауып айтады, өмірдегі белгілі бір құбылыстар мен жағдайларды салыстыра алады, баға береді анализ жасау сияқты қабілеттері арта түседі.



Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Қазақтың бас ақыны// Қазақ газеті 1913 ж.
2. Байтұрсынов А. Ақ жол. Алматы: Жалын, 1991. - 464 б.
3. <https://aqiqat.kazgazeta.kz/news/10607>.
4. Шәкәрім шығармашылығының дәстүрлік және көркемдік негіздері. – Алматы: Кенже-пресс баспасы, 2000. – 214 б.
5. Нұрышева Г.Ж., Адам өмірінің философиялық мәні.– Алматы: Рауан баспасы, 2001,-21 б.
7. Шәбжантайқызы М. Ана тілім – азығым, адастырмас қазығым // – Көкшетау, 2002 ж.

ӨЗ ӨЛКЕМІЗДІҢ ТАРИХИ ТҮЛҒАЛАРЫ

*Досжанова Жанагуль Темировна,
Тулегенова Айгуль Тулегеновна,
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Б.Алтынсарин атындағы мамандандырылған
мектеп-гимназия-интернаты» КММ
тарих пәнінің мұғалімдері*

Қазіргі таңда өмір үнемі өзгеріп, қоғам үздіксіз дамып отырған шақта ақыл-ойы озық, білімі мен біліктілігі жоғары, ұлттық рухы күшті жастарды тәрбиелеу қажеттілігі күн сайын артып отыр. Туған халқымыздың өткен тарихына көз жіберсек, ерекше ізгі қасиеттермен қатар Отансүйгіштіктің де керемет үлгілерін көреміз. Бүгінгі күні егеменді ел болып, қазақ деген ұлт болып отыруымыздың өзі ата-бабаларымыздың теңдесі жоқ ерлігінің арқасы. Отансүйгіштік сезімді, білім мен біліктілікті, дағды мен шеберлікті, адамгершілік қадір-қасиеттерді қалыптастыру үлкен қажеттілік. Қай кезеңде, қай қоғамда болмасын жеке тұлғаның қалыптасуы ұстаздан басталады.

Сондықтан ұстаздың алдында жас ұрпақты адал, шыншыл, сергек, өмірге құштар, көзі ашық, өз Отанын сүйетін, өз жерінің, елінің иесі бола алатын, мәдениетті азамат тәрбиелеу міндеті тұр. Биікке жетудің бірден-бір жолы - ұлт тәрбиесі. Батырлықтың бастауын балалық шақтан бастап, өскенде Отанына адал қызмет ететін патриот болуға итермелеу керекпіз.

«Туған жерге туынды тік!» - деген дана халқымыз. Бұл - әрбір адамның кіндік қаны тамған жеріне ерекше сүйіспеншілікті білдіреді.



Туған жері мен Отаны бар азамат өз ұлтының тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүріне арқа сүйеп қалыптасады. Туған жерге сүйіспеншілік туған тарихынды тереңнен білуден басталады.

Қазақстан тарихында өшпес мұра қалдырып, есімдерін тарих беттеріне жазған атақты тұлғаларымыздың көпшілігі Қостанай өңірінен шыққан. Сондықтан оқушылардың өз өлкесіне деген сүйіспеншілік қасиеттерін арттырып, Қостанай облысындағы тарихи тұлғаларға арналған тақырыптарды тереңдетіп меңгерту нәтижесінде Қазақстан тарихы пәнінен 8 сыныпқа арналған факультатив курсының бағдарламасын құрастырып, мұғалімдерге және оқушыларға арналған оқу құралын жасап шығардық. Оқу құралын құрастыру мақсатымыз *туған өлкемізден шыққан батырлар, қоғам қайраткерлері, ғалымдар, өнер және мәдениет қайраткерлерінің мұраларын ұрпаққа ұлықтап, тарихты таныту арқылы* оқушылардың интеллектуалдық және шығармашылық әлеуетін дамытып, ғылыми ізденіске баулу.

Қазақстан Энциклопедиясында: «Патриотизм (грек сөзі Patriotes - отандас, Patris - Отан, туған жер) - Отанға деген сүйіспеншілік, бойындағы күш-қуаты мен білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау. Туған жер, ана тілін, елдің әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін құрмет тұту сияқты патриотизм элементтері ерте заманнан бастап-ақ қалыптаса бастайды», [1, с. 82] - деп көрсетілген өзінің ізгілікті мәнін сақтайды.

Туған өлкеге, өзінің кіші Отанына деген сүйіспеншілік балада өздігінен пайда болмайды. Қазақстан мен туған өлке тарихына қызығушылық туғызу аса маңызды. Болашақ ұрпаққа туған өлкесі, оның атақты адамдары туралы білімі неғұрлым толыққанды және мазмұнды болса, олар туған табиғат пен жерге деген сүйіспеншілікті тәрбиелеуде, өз халқының салт-дәстүрін құрметтеуде неғұрлым пәрменді болады. Сондықтан оқушыларды кіші Отанынан шыққан ұлы тұлғалармен тереңірек таныстырып, олардың мұраларын насихаттау арқылы елін, жерін өркендеуіне үлес қосады деген оймен осы оқу құралын құрастырған болатынбыз.

Оқу құралы, ең алдымен, мұғалімдерге әдістемелік көмек ретінде ұсынылып отыр. Бұл құралда Қостанай өңірінен шыққан тарихта өшпес із қалдырған батырлар - Шақшақ Жәнібек, Барақ батыр, Кейкі батыр [2], С.Баймағамбетов, қоғам қайраткерлері - А.Байтұрсынов, А.Бірімжанов, Ы.Алтынсарин, ғалымдар - Ш.Уәлиханов, Ө.Сұлтанғазин, М.Қозыбаев, өнер қайраткерлері- Қ.Бадыров, Е.Өмірзақов, ақын-жазушылары - М.Хакімжанова, Н.Наушабаев [3], тұңғыш қазақтан шыққан кәсіби дәрігер Мұхамеджан Қарабаев [4] тағы да басқа тарихи тұлғалар туралы



мәліметтер жинақталған. Сонымен қоса, тарихи тұлғаларға анықтамалық ақпарат беріліп, бекіту ретінде өзін-өзі бақылау сұрақтары ұсынылады.

Ұсынылып отырған оқу құралда оқушыға арналған тапсырмалар бүгінгі күнгі білім саласындағы талаптарға сай құрастырылған. Оқушыны өз бетімен білім алуға бағыттайтын әр түрлі деңгейдегі сұрақтар, ойландыратын, ізденетін тапсырмалар жинақталған. Сонымен қоса, жаңа озық технологияларды қолданып, оқушыға өз ойын, білімін көрсетуге жағдайлар жасалған. Туған өлкемізден шыққан дана тұлғалардың жетістіктерін зерделеу арқылы оқушылардың Қазақстан тарихына, мәдениетіне деген қызығушылығы және шығармашылық қабілеті арттады. Берілген тапсырмаларды орындау барысында оқушы мұражай, мұрағаттардағы жәдігерлермен жұмыс жасауға дағдыланады. Қосымша материалдарды қолдану нәтижесінде оқушы ғылыми-зерттеу бағытында тәжірибе жинақтайды. Туған өлкедегі тарихи, мәдени мұраларды зерттеп, өз жеріне деген сүйіспеншіліктері арттады.

Бағдарламаға сай құрастырылған тапсырмалар мен өзін-өзі тексеру сұрақтарын Қазақстан тарихы, қазақ әдебиеті, география, дүние жүзі тарихы, ән-күй сабақтарында және факультатив курстарында қолдануға болады. Өлкеміздегі тарихи тұлғалар туралы анықтамалық ақпарат беріліп содан кейін әр түрлі тапсырмалар беріледі. Оқу құралы мұғалімге үлкен көмегі бар, себебі мұнда қамтылған тақырыптар мазмұны оқу бағдарламасында аз қамтылған немесе мүлдем кездеспейді. Сондықтан Қостанай өңіріндегі ұлы тұлғаларды тереңірек танып білу, тарихи тұлғалар жайында білімдерін кеңейту мақсатында бұл жинақтың маңызы зор.

Күтілетін нәтиже:

- мұғалімдер өздерінің оқыту тәжірибесінде тиімді қолдана алады;
- оқушылар өз өлкеміздің ұлы тұлғалары туралы қосымша мағлұматтар алады;
- оқушылар тарихи дерек көздерімен жұмыс жүргізуге дағдыланады;
- оқушылардың ғылыми жұмыстарды орындауға икемділіктері қалыптасады;
- өлкетану тарихына деген қызығушылықтары арттады.

Өзіндік тарихы жоқ өлке болмайды. Адамзат алдында тұрған міндет-өзінің өмірін жалғастырушы саналы ұрпақ тәрбиелеу. «Мемлекеттік идеологияның бізге аса қажет бір ірі бұтағы, қомақты тармағы - халықты, ұрпақты патриотизмге, отаншылдық, елжандылық рухқа елді, жерді сүйуге, қорғауға жұмылдыру» - деп айқын жол көрсеткен Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев. Осы мақсатта туған елінің, жерінің қадір-қасиетін



ұғындырып, ерекшеліктерін дәріптеп, туған жер тұлғаларына деген құрметтерін арттыру үшін «Тарихыңды таны - тұлғаңды құрметте» бағдарламасының орны ерекше. Бастауыш сыныптан бастап олардың санасына «Туған жер» деген ұғымды тереңірек сіңірсе, келешекте олардың арасынан елжанды тұлғалар қалыптасуына уақтылы үлес қосқанымыз. Өз өлкесінің танымал адамдарының өмірі жайлы білуі оқушының ой өрісін кеңейтеді. Отансүйгіш ұрпақ тәрбиелеу үшін Отан тарихын сапалы, әрі тиімді оқыту қажет. «Өзгені тану үшін, алдымен өзіңді тани біл!» деген жалпыадамзаттық қағиданы басшылыққа ала отырып, өз өлкеміздегі ұлы тұлғалар мен атақты адамдар жайлы білу біздің міндетіміз болу керек. Ел өмірінің тікелей жалғастырушысы, еліміздің тірегі, мызғымас болашағы осы - жас ұрпақтар. Сондықтан оларға тарихи тұлғаларды танытсақ, өз көшелеріне берген есім қандай адам туралы екенін білдіртсек, олардың ой-өрістері кеңейе түседі. Халықшылдық идея, елжандылық сезім жастардың жүрегінен терең орын алып, оларды белсенді іс-әрекетке тәрбиелейді. Туған елінің, жерінің қадір-қасиетін ұғынады, туған жер тұлғаларына деген құрметтері, мақтаныш сезімдері арта түседі. Туған жерді, өлкені зерттеу, талдау, зерделеу мен өлкетану материалдарын пайдаланудың құндылығы зор.

Бұл мақалада көрсетілгендей, мектептің міндеті - берген баланы ата-анасының үміті мен мемлекеттің мақсатындағы көздеген түрде адам қылып шығару [5,с.17]. Аталған міндет негізінде түбінде мемлекетінің мүддесін ойлайтын, нағыз отаншыл ұрпақ тәрбиеленіп шығатыны айдан анық. Біздің әрқайсымыздың өз Кіші Отанымыз бар. Біздің барлық жұмысымыз осы жерде тұратын адамдарға деген сүйіспеншілікке, өз өлкеміздің мақтанышына толы. Ал біз өткенге қызығып, өз тарихымызды зерттеп жүрсек, ұрпақтар сабақтастығы үзілмейді.

В.В.Сухомлинскийдің балалық шақ дүниенің күнделікті ашылуы, сондықтан оны ең алдымен адам мен Отан, олардың сұлулығы мен ұлылығы туралы білімге айналдыру керек деп бекер айтпаған. Өз туған жерінің тарихымен кітап арқылы ғана емес, тарихи ескерткіштерді өз көздерімен көріп, таныс болып, аты аңызға айналған адамдармен таныс болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. - 5-т. - Алматы: Қазақ энциклопедия. 1998 ж. 82 б.
2. Кейкі батыр [Электрондық ресурс] <https://ortalyq.kz/kejki-batyr>.
3. Тарихи тұлғалар. Алматы кітап. А 2006 ж. 376 б.



4. Мұхамеджан Қарабаев [Электрондық ресурс] <https://bilim-all.kz/article/>

5. Байтұрсынұлы Ахмет. Алты томдық шығармалар жинағы. Алматы: «Ел-шежіре», - 2013 ж. 17 б.

ЭССЕ ЖАЗУ – САУАТТЫЛЫҚТЫҢ БАСЫ

*Ермагамбетова Меруерт Кайыркенқызы,
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Ы.Алтынсарин атындағы мамандандырылған
мектеп-гимназия интернаты» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

Эссе жазу сауаттылығының өзектілігі қазіргі таңдағы басты жазба жұмыс түрлерінің бірі болып отырғандығында. Заман талабына сай оқушылардың жазбаша шығармашылығын арттыру жолында мектеп бітіруші түлектердің қорытынды аттестаттауында жазбаша емтихан жұмысы – эссе жазатыны белгілі. Сондықтан да пән мұғалімдерінің алдынан «Эссе жазба жұмысын қалай жаздырамыз?», «Эссені жазуға қалай үйретеміз?» деген сұрақтар туындайды. Жоғарыдағы сұрақтарды қарастыра келе, 9-10-сынып оқушыларына арналған «Эссе жазу сауаттылығы» атты қолданбалы курс жұмысы жазылған болатын.

Бұл курстың мақсаты да жоғары сынып оқушыларының ойын, пікірін әдеби тілмен жатық, сауатты жаза білуге, шығармашылық ізденіске баулуға, логикалық ой-өрісін кеңейтуге үйрету.

Абай атамыз «Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ ...» деп бекерден-бекер айтпаса керек. Ана тілімізде өз ойымызды анық жеткізе білгенге, сауатты жазылған сөздерді орынды қолдана білгенге не жетсін, шіркін?!

Жазба жұмысына деген сүйіспеншілікті арттыру, ізденіс жолдарын арттыру, оны дамыту, алған білімдерін өмірде қолдана білу, сауаттылықты арттыру – қазіргі заманғы мұғалімге қойылып отырған басты талаптардың бірі. «Эссе жазу сауаттылығы» авторлық жұмысы жыл бойы мектебімізде қолданбалы курс ретінде оқытылып, оқушыларымыздың білімдерін шыңдауға көмегін тигізіп жатыр [1, 15-б.].



Эссе жазу – сауаттылықтың басы. Күнделікті өмірде жан-жағымызды барлайтын болсақ, сауатты жазатын адамдар өте аз кездеседі. Сауаттылық - көрсеткіш, сапа. Пунктуациялық, құрылымдық қателерге кешіріммен қарауға болады. Алайда, орфографиялық қателерге жол беруге болмайды. Жоғары сынып оқушылары – ертеңгі күннің болашағы. Олар жаңа өмірге қанат қағады, ал сауатты жазу – олар үшін басты қажеттілік [2, 29-б.].

Эссе жазуда ескеретін 7 мәлімет:

- Эссе – оқырманмен диалог. Ол түсінікті, айқын, қарапайым әрі мәнді болса тез қабылданады.

- Эссе – жазба иесінің жеке пікірі, азаматтық көзқарасы, ойын жеткізуде ешкімге ұқсамайтын ерекшелігін танытаын «пікір білдіру алаңы».

- Эссе жазудан тартынба: тек эссе жазу қадамдары мен тәсілдерін танып білуге зейін қою керек.

- Әр бөлімде ой жинақылығы, дәлдік және «ой сүзгісінен» өткен тұжырымды пікірлер басымдыққа ие болады.

- Эссенің мақсаты – тақырыпты ашу, мазмұн дәлдігі, мәтін логикасы және қойылған талаптар үдесінен шығу.

- Эссенің құрылымдық талаптарын сақтай отырып, тақырыпқа қатысты пікірлер негізінде өзіндік тұжырымын жасай білген, тың ой, ерекше идея, парадокс-сауалдар туындататын еңбек – бағалы туынды.

- Эссе жазуда тұжырымды пікір айту осы тақырыпқа қатысты деректер көзі, материалдар және жан-жақты мәліметтермен барынша таныс болуды қажет етеді.

Эссе жазу шеберлігін қалыптастыру қадамдары:

1. эссе тақырыбының ерекшелігі мен мәнін анықтау;
2. оған қатысты теориялық материалды зерделеу;
3. тақырыптың бүгінгі күнде маңызды тұсын анықтау;
4. бөлімдерге қатысты ойларыңды шағын мәтінмен жазып шығу;
5. пікіріңнің қаншалықты мәнді екенін (теориямен үйлесуі, ғылыми негізі, жаңашыл идея немесе өміршең тәжірибелілігі) ойластыру;
6. пікірлеріңді тағы бір толықтырып өту, терминдер мен лексикалық қолданыстарды реттеу;
7. алдымен эссенің алғашқы нұсқасын жазып шығу. Ойланып, қайта қарап, толықтырып жазып шығу. Тыныс белгілерін қоюды ұмытпау [3].

Эссе құрылымында мынадай бөлімдер міндетті болуы тиіс:

1. Кіріспе.
2. Негізгі бөлім (жиналған материал негізінде тақырыптар дәлелді ашып көрсету).



3. Қорытынды (жалпылау және қорытындылар).

Эссе жұмысы жүйелі жазылу үшін жазба жұмысының құрылымы нақты жоспарланған жөн.

I. Кіріспе бөлім.

Кіріспе – тақырыпты таңдау, себебі және мәні, логикалық және стилистикалық байланысқан бірқатар компоненттерден құрылады. Бұл кезеңде өз зерттеу барысында жауап іздеген сұрақты дұрыс құрастыру өте маңызды, ал әрі қарай жауапты растайтын дәлелдердің реттілігі қажет.




II. Негізгі бөлім.

Бұл бөлімде негізгі идея мен көтерілетін мәселесі аясында шоғырланған дәлелдер мен сараптамалар, негіздемелер болу керек. Тақырыпты тақырыпшаларға бөліп, алға тартатын дәйектерді, сараптама жоспарын жүйелі түрде құрып алған жөн. Аналитикалық материал ретінде графикалар, сызба, тірек-схемаларын да қолдануға болады.

Эссе құрастыруда бір параграф тек қана бір дәлелдемеден тұратынын естен шығармаған дұрыс. Жоспар құрып, бөлімдерді тақырыпшаларға ажыратқанда, осы ережеден ауытқымау қажет. Сонда жоспар бөліміндегі тақырыпшалардан қарастырылатын тақырып дәлелдемелері қаншалықты жүйеге сай екендігі бірден байқалады.

III. Қорытынды бөлім.

Бұл бөлімде тақырып бойынша қорытынды ой түйіні көрсетіледі. Қорытынды құрастыру үшін қажетті әдіс-тәсілдер:

-  қайталау,
-  цитата,
-  сенімді дәлелдер қажет.

Қорытындыда осы дәлелдеме қажет болатын жағдай немесе мәселелерге байланысы да көрсетілуі мүмкін. Қорытындыда «Эссенің басында айтылған мәселе бойынша не деуге болады?» деген сұраққа жауап болу қажет. Эсседе зерттеген мәселе бойынша қатысы, оны дәлелдеу, өзіндік қасиет және жаңаша ойлау бағаланады [5, 45-б.].

Талапты шәкірт – мектеп мақтанышы, ұстаз еңбегінің жемісі. ҚР Оқу-ағарту министрлігі «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының ұйымдастыруымен жалпы білім беру ұйымдарының 9-11-сынып оқушылары арасында өткізілген «Мен Қазақстанды не үшін сүйемін?» атты республикалық шығармашылық байқауында 10-сынып оқушысы Исламбекова Зарина оза шауып, бәйге алып, II дәрежелі дипломға ие болды. Оқушы жазған жолдарға көз жүгірте кетейікші.

Туған жерім! Сен туралы өлең шығармаған ақын, шығарма жазбаған жазушылар кемде-кем шығар?! Кіндік қанымыз тамып,



топырағыңда аунап, көліңе шомылып өскен, Туған жерім, сен не деген керемет едің?! Сенің асқар тауларың, мөлдір таза ауаң, сенің еліңде тұрып жатқан халқың да маған шабыт, күш-қуат береді. Бұл – сенің құдіреттілігің деп білемін, Туған жерім! Жерің қандай кең болса, пейілің де сондай зой, шіркін! Жері жоққа жер беріп, елі жоққа ел болып, құшағыңды айқара аштың. Сенің атың алтын әріптермен жазылып, көк туымыз аспанда мәңгілікке желбірей берсінші. Еліміздің жетістігімен мақтанған, қуанған сәттеріне куә болшы, Туған жерім! Сәбилік жүрекпен «бар бала бақытты болса екен, ата-анамыз жыламаса екен, еліміз, жеріміз аман болса екен» деп тілеймін мен, Туған жерім!

«Эссе жазу сауаттылығы» бойынша облыс көлемінде семинарлар ұйымдастырылып, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдеріне эссе жазудың жолдары мен шарттары туралы сөз болған болатын. Айта кетсем, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру әдістемелік кабинетінің ұйымдастыруымен қазақ тілі мен әдебиеті пәні педагогтері үшін 2022 жылғы 28 сәуірде «Қазақ тілі мен әдебиетінен қорытынды аттестаттауға дайындық кезіндегі өзекті мәселелер» тақырыбында облыстық вебинар өткізілді. Осы вебинарда эссе жазудың қыр-сырына тоқталып, әріптестермен тәжірибе алмастық десек те болады [4].

«Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ 2022 жылғы 04 қарашада «Қостанай ауданы білім бөлімінің Тобыл қаласының № 2 жалпы білім беретін мектебі» КММ базасында Қостанай ауданының 9,11 сынып мұғалімдеріне қазақ тілі мен әдебиетінен қорытынды аттестаттауға дайындық бойынша семинар өткізіліп, әріптестерге баяндама оқылды.

«Дәстүр өзгереді, салт жаңарады», - дейді дана халқымыз. Сондықтан да қазіргі заманның басты талабы болып отырған эссе жұмысын үйретудің бірден-бір жолын үйрету үшін осы бұл авторлық жұмыстың пайдасы ұшан-теңіз. Эссені жазуды үйрету – мектеп ұстаздары үшін басты міндет. «Ойдың көркі – тіл, тілдің көркі – сөз» демекші, «Эссе жазу сауаттылығы» оқушының орасан ойы мен мақсатын айтар көмекші құрал екені даусыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шәжбантайқызы М. Шығарма - Тілі дана, іші сара бабалар мұрасының айнасы. - Көкшетау: Келешек баспасы. 2010. – 54 б.
2. Арын Е.О., Аққұлова А. Ж., Махамбетова Г.Ж. Диктанттар мен мазмұндамалар жинағы (9-10 сыныптарға арналған) - Алматы: Рауан баспасы. 1997 ж.



3. Тіл-құрал. Қазақ тілін меңгеру деңгейін тестілеу әдісімен бағалау емтиханына дайындық үшін оқу-әдістемелік құрал. – Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011- 268 бет.

ТАҢДАУ КУРСТАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

*Жумагулова Куралай Жумановна,
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Б.Алтынсарин атындағы мамандандырылған
мектеп-гимназия-интернаты» КММ
химия пәнінің мұғалімі*

Химия - жай және күрделі заттарды, олардың құрамын, құрылысын, қасиеттерін, химиялық өзгерістер мен оған әсер ететін жағдайлар мен өзгерістер кезінде байқалатын құбылыстарды зерттейтін ғылым.

«Алғашқы химиялық ұғымдар» таңдау курсы 7 сынып оқушыларына ұсынылады, себебі осы мерзімде жалпы жаратылыстану-математикалық бағытынан физика және химия пәндерінің жүйелі оқытылуы жүзеге асырылады.

Алайда, жаратылыстану-математикалық пәндерін біртіндеп емес, жүйелі әдістемелік пен мазмұнды тәсілді қолдана отырып, бір мезгілде енгізу, баланы неғұрлым заманауи талаптарға сай, қоршаған әлемге қатысты танымдық ұстанымы бар іске мотивацияландыратын жаңа даму сатысын ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бұл пәнаралық байланыстың нәтижелі болуына алып келеді.

7 сыныпта химиялық түсініктермен танысу үшін аптасына 1 сағаттан беріледі. Бұл уақыт негізгі дағдылар мен оларды шоғырландыру үшін, сондай-ақ химиялық заттардың құрылымы мен қасиеттері туралы қызықты фактілермен танысу үшін жеткіліксіз. Сонымен қатар білім алушыларға жаңа пәнге бейімделуге, оған қызығушылықты сезінуге, оның қазіргі әлемдегі маңыздылығын түсінуге уақыт қажет. Бұл мәселені шешудің бір жолы-химиялық білімді, яғни білім алушыларды осы таңғажайып ғылым әлеміне біртіндеп енгізу [1,4-б.].



Курстың мақсаты: химия пәнінен негізгі ұғымдарды оқыту арқылы жаратылыстану саласы бойынша оқушылардың бойында функционалдық сауаттылықты қалыптастыру.

Таңдау курсының міндеті – білім алушылардың химияға танымдық қызығушылығын қолдау және дамыту.

«Алғашқы химиялық ұғымдар» таңдау курсы оқу нәтижесінде білім алушылар білуі қажет:

- химиялық таңбаларды, кейбір химиялық элементтердің белгілерін, маңызды химиялық ұғымдар: химиялық элемент, атом, молекула, салыстырмалы атомдық және молекулалық масса, заттың агрегаттық күйін білуі керек;

- кейбір химиялық элементтер мен зерттелетін химиялық кластар қосылыстарының атауларын білуді;

- физикалық құбылыстар мен химиялық айырмашылықтарын түсіндіруді;

- қоспаларды бөлу әдістерін, химиялық реакциялардың белгілерін сипаттауды;

- ғалымдар, элементтер мен заттар туралы әңгімелер құрастыруды;

- химиялық ыдыспен және зертханалық жабдықпен жұмыс жасай білуді;

- сапалы реакциялар арқылы оттегі, көмірқышқыл газы, әк суы және басқа да заттарды тәжірибе жолымен анықтай алады;

- химиялық элементтің массалық үлесін, газ қоспаларының көлемдік үлесін, қоспалардың массалық үлесін есептей білуді.

Алынған білім мен тәжірибелік дағдыларды күнделікті өмірде төмендегідей мақсаттарды қамту үшін пайдалануы керек:

- заттармен және материалдармен қауіпсіз жұмыс жасау;

- қоршаған ортаға экологиялық сауатты іс-әрекет жасау;

- қоршаған ортаның химиялық ластануының адам ағзасына әсерін бағалау;

- тұрмыста қолданылатын химиялық заттарды сыни тұрғыдан бағалау;

- берілген концентрацияда ерітіндіні дайындау [2,104-б.].

«Алғашқы химиялық ұғымдар» таңдау курс бағдарламасы курстың мазмұнына, құрылымына және мақсаттарына сәйкес белгілі бір оқу нәтижелеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Курс бағдарламасын игерудің негізгі жеке тұлғалық қасиеттер нәтижелері ретінде мыналарды бөліп көрсету қажет:



1) тұрақты танымдық қызығушылықтарды ескере отырып, мамандықтар мен кәсіби мамандық әлемінде бағдарлау негізінде білім алушылардың оқуға деген жауапты көзқарасын оқуға және танымға деген қызығушылық негізінде білім алушылардың өзін-өзі дамытуға және өз бетінше білім алуға дайындығы мен қабілетін, саналы таңдауын және білім берудің одан әрі жеке траекториясын құруды қалыптастыру;

2) ғылым мен қоғамдық практиканың қазіргі даму деңгейіне сәйкес келетін тұтас дүниетанымды қалыптастыру;

3) жеке таңдау негізінде моральдық мәселелерді шешуде құзыреттілікті дамыту, адамгершілік сезімдер мен қасиеттерді қалыптастыру, өз іс-әрекеттеріне саналы және жауапкершілікпен қарау;

4) жоғары және кіші жастағы балалармен, құрдастарымен, ересектермен білім беру үдерісінде, оқу-зерттеушілік, шығармашылық және басқа да қызмет түрлері барысында қарым-қатынас пен ынтымақтастық құзыреттіліктерін қалыптастыру;

5) салауатты және қауіпсіз өмір салтының құндылығын және экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру болып табылады.

Таңдау курсы бағдарламасын игерудің *негізгі пәндік нәтижелері* ретінде мыналарды бөліп көрсету керек:

1) заттар, олардың өзгеруі мен практикалық қолданылуы туралы алғашқы жүйеленген түсініктерді қалыптастыру; ұғымдық аппаратты және химияның символикалық тілін меңгеру;

2) химия ғылымы негіздерінің қазіргі жаратылыстану саласында объективті маңыздылығын түсіну;

3) микроәлемде болып жатқан нақты байқалатын химиялық құбылыстар мен үрдістер арасында байланыс орнату дағдысын қалыптастыру, заттардың алуан түрлілігінің себептерін, олардың қасиеттерінің құрамы мен құрылымына тәуелділігін түсіндіру;

4) заттарды зерделеудің әртүрлі әдістерін пайдалану тәжірибесін алу: зертханалық жабдықтар мен аспаптарды пайдалана отырып, күрделі емес химиялық эксперименттер жүргізу кезінде олардың өзгеруін бақылау;

5) қазіргі заманғы экологиялық мәселелерді шешуде химия ғылымының маңызы туралы түсінік қалыптастыру [3,11-б.].

«Алғашқы химиялық ұғымдар» таңдау курсы 4 тараудан тұрады:

Таңдау курсының бірінші «Жаратылыстану және химия» тарауы білім алушылардың жаратылыстану, биология, география, физика және басқа жаратылыстану ғылымдарын оқып үйрену кезінде алған химиялық білімдерін өзектендіреді.



7 сыныпта жаңа пәннің пайда болуымен туындаған психологиялық жүктемені азайтады. Сонымен қатар жаратылыстану ғылымдары жүйесіндегі химияның интеграциялық рөлі, осы пәнмен байланысты пәндерді сәтті игерудегі маңызы туралы ой жасалады. Мұндай пәнаралық интеграция химияны зерттеудің бастапқы кезеңінде әлемнің біртұтас жаратылыстану бейнесін қалыптастыруға ықпал етеді.


Мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкес таңдау курсына химия эксперименттік ғылым екендігі баса айтылған. Сондықтан эксперимент, байқау, өлшеу, сипаттау, модельдеу, гипотеза, қорытынды сияқты ұғымдар қарастырылады.

Оқушылардың практикалық дағдыларын дамыту үшін жетінші сынып оқушыларына күрделі емес және психологиялық тұрғыдан қол жетімді зертханалық және практикалық жұмыстар таңдалды, олар жаратылыстанудың бастапқы курсы мен басқа да табиғи пәндер бойынша таныс: қарапайым зертханалық жабдықтармен танысу (штатив, қыздыру аспаптары, олар бұрын қолданған химиялық ыдыстар), жабдықтармен және заттармен қарапайым операцияларды жүргізу (қыздыру ережелері, бақылау нәтижелерін белгілеу және оларды талдау және т.б.). Бұл мақсатқа қосымша курста қарастырылған үйдегі химиялық эксперимент ықпал етеді, ол оны орындау кезінде қауіпсіздік талаптарына толық сәйкес келеді [4].

Ұсынылған таңдау курсы зерттелеу білім алушылардың өзіндік жұмысының үлес салмағын арттыруды көздейді. Мысалы: үйдегі химиялық тәжірибе жүргізу және оның нәтижелерін талқылау, эссе, рефераттар, постерлер, жобалар дайындау, жобаларды қорғау, постер немесе жоба дайындау үшін объектіні таңдау және т.б. Курс талдау және синтез негізінде салыстыру, гипотезаларды жалпылау, ұсыну және растау немесе теріске шығару және т.б. сияқты логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Оқу жылы соңында таңдау курсы бойынша білім, білік және дағды сапасына, пәнге деген ынта мен қызығушылық әсеріне 7 сыныпқа сауалнама жүргізілді.

Сауалнама нәтижесі бойынша таңдау курсы арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылықтары артты. Курсты өткізуде практикалық бағытқа аса назар аударылды. Күнбе-күнгі сабақ барысында





да лабораториялық, практикалық жұмыстарды орындаумен қатар, практикалық біліктіліктерін таңдау курсына дамытты. Жаңа ақпараттық технология бойынша өз беттерімен электрондық сайттармен, виртуальды тәжірибелер, электрондық дискілер арқылы курс барысында білімдерін тереңдетуге мүмкіндік туғызды. Шығармашылық деңгейде жұмыс жасайтын оқушылар саны артты.

Қорытындылай келе, таңдау курсы пәнге деген қызығушылықты арттырып қана қоймайды, оқушыларды жоғары ынталандырады, білім, білік пен дағдылардың сапасын арттыруға ықпал етіп, кәсіби бағдарлайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Оспанова М., Белоусова Т., Аухадиева К. «Химия» жалпы білім беретін мектептің 7 сыныбына арналған оқулық. Алматы: Мектеп баспасы, 2018 ж.
2. Баешова А.К., Едигеева А.О. Химия пәні бойынша лабораториялық жұмыстарға әдістемелік нұсқаулар: 2017 – 104 б.
3. Т.Абдрахманова, З.Адиканова, Г.Алтаева, Ж.Джакупова, А.Рсымбетова, К. Уралбаева. «Химия» NIS-Programme – 2017 ж.
4. Штремплер Г.И. Домашняя химическая лаборатория/ [Электр.ресурс] URL:http://strempler.ucoz.ru/load/domashnjaja_khimicheskaja_laboratoria
//Штремплер Г.И. Учебный химический эксперимент / [Электронный ресурс] URL: http://strempler.ucoz.ru/load//uchebnyj_khimicheskij_eksperiment/

ХИМИЯ САБАҒЫНДА САНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

*Жумагулова Куралай Жумановна,
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Ы.Алтынсарин атындағы мамандандырылған
мектеп-гимназия-интернаты» КММ
химия пәнінің мұғалімі*

Сандық білім ресурстары білім беру мазмұнын ақпараттандыратын электрондық оқыту жүйесі компоненттерінің бірі болып табылады. Білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін, оқу үдерісінде өскелең ұрпақтың сандық білім ресурстарын белсенді қолдану, бүгінгі таңда берілген бағдарлама аясындағы педагогикалық қоғамдастықтың алдында



өзекті мәселелердің бірі болып табылады [1,б.2]. Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен-күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Қазіргі заманғы ғылыми техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдында жаңа міндеттер қойып отыр. Сондықтан қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің оқу-тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтық және басқа да көптеген адами келбеттерінң қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Пәнді оқыту бастағаннан кейін біраз уақыттан кейін, оның күрделілігіне байланысты, теориялық материалдың үлкен көлеміне және практикалық жаттығулардың көп мөлшеріне байланысты оқушылардың белсенділігі, қызығушылығы мен білім сапасы төмендейді, олардың әртүрлілігін оқушыларға тақырыптарды зерттеуге жеткілікті уақыт болмағандықтан түсінуге уақыт жоқ. Химия сабақтарында оқушылардың танымдық белсенділігін қалай арттыруға болады, өйткені оқушылардың білім сапасы көбінесе олардың оқу пәніне қатынасымен анықталады. Сандық білім беру сабақта қолдануға мүмкіндік беретін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) бұл мәселені шешуге көмектеседі. Сондықтан бүгін сандық білім беру көмегімен сабақтар өткізу қажет.

Ақпараттық-коммуникативтік технологияларды енгізе білу - шұғыл және объективті қажеттілік, өйткені біздің білім заманауи талаптарға сай ақпараттық қоғам болуы керек. Мұғалім мен оның оқушылары үшін шексіз білім ресурстары, электронды кітапханалар мен мұражайлар, ғылыми және шығармашылық зертханалар қол жетімді болады. Сонымен бірге, мұны түсіну керек интернет тек оң ғана емес, сонымен қатар теріс бастамасы да бар, сондықтан мұнда мұғалімнің рөлі өлшеусіз жоғары. Ақпараттық технологияларды пайдалана отырып сабақтар өткізу - бұл оқудағы күшті ынталандыру. Осындай сабақтар арқылы оқушылардың психикалық процестері: қабылдау, зейіні жандандырылады [2,б.32]. Химия мектептегі ең күрделі пәндердің бірі болып саналады. Пәнді оқуды бастағаннан кейін біраз уақыттан кейін, оның күрделілігіне байланысты, теориялық материалдың үлкен көлеміне және практикалық жаттығулардың көп мөлшеріне байланысты оқушылардың белсенділігі, қызығушылығы мен білім сапасы төмендейді, олардың әртүрлілігін оқушыларға тақырыптарды зерттеуге жеткілікті уақыт болмағандықтан



түсінуге уақыт жоқ. Химия сабақтарында оқушылардың танымдық белсенділігін қалай арттыруға болады, өйткені оқушылардың білім сапасы көбінесе олардың оқу пәніне қатынасымен анықталады. Оқытуда жаңа технологияларды, техникалық құралдарды сабақта жан-жақты қолдану мұғалімнің көптеген қиын қызметтерін жеңілдетіп, осы іскерліктің ұстанымды жаңа тәсілдерінің пайда болуына мүмкіндік туғызады. Осындай жаңа жолдардың біріне ақпараттық оқыту жүйесіндегі компьютерлік бағдарламалардың түрлері арқылы үйретуді жатқызуға болады. Ғылыми-техникалық прогреске ілесу үшін мұғалімдерге прогрессивті педагогикалық технологияларды меңгеру қажет [4,6.7]. Интерактивті тақтаны, электронды оқулықтар мен тренажерларды, виртуалды зертханаларды, интерактивті сабақтарды және басқа ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (АКТ) құралдарын қолдану материалды түсіну мен игеруді жақсартады, іздеу қабілетін дамытады, қызықты ғылыми жобалар жасауға мүмкіндік береді және т.б.

Ақпараттық және компьютерлік технологияларды қолдану сабақты иллюстрациялық материалдармен жабдықтауға мүмкіндік береді. Оқушылар тақырыпты өз бетімен зерттеуге үйренеді. Компьютерлер мен ақпараттық технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылатын оқыту процесі оқушының іздену қабілетін дамытуға, жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды түсінуге көмектеседі.

Қазіргі мұғалім тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи-танымдық, педагогикалық-психологиялық сауатты, саяси-экономикалық және ақпараттық-коммуникациялық білімді маман болуы керек. Сабақтарда жиі пайдаланатын ең тиімді бағдарламалардың бірі - Microsoft Power Point. Ол мұғалімді қысқа мерзімде үлкен дидактикалық мерзімде дидактикалық материалдармен қамтамасыз етіп, компьютерлік білімін жетілдіруге көмектеседі. Сонымен бірге ол оқушылардың түрлі қабілеттерін ашады.

Интерактивті тақтамен бірге презентацияны қолдану оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ерекше арттырады. Химия сабағында компьютерді, мультимедиялық және электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны пайдалану:

- реакция теңдеуін дұрыс жазуға;
- әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды орындауға;
- оқу материалдарын оқушылардың есінде сақтауға көмектеседі.

Компьютердің білім беру құралы ретінде кең таралуының негізгі алғы шарттарын ғалымдар төменгідей саралайды:



1. Компьютер шексіз ақпарат әлеміне еруге және ақпаратты жүйелі түрде талдап, сараптауға мүмкіндік береді.

2. Компьютер адамның зерттеу-танымдық әрекетінің әмбебап құралы ретінде ерекшеленеді.

3. Өзге құралдардан компьютердің ерекшелігі – оның қатынас құрал бола білуі. Яғни, білімгер, ол арқылы қатынастың барлық түрлерін жүзеге асыра алады.

4. Білімгерлерге өз әрекеттерінің нәтижесін айқын көрсете алады. Білім алуда дұрыс шешім жасай білуге деген оқушылардың өзіндік тәсілін, стратегиясын қалыптастырады.

5. Компьютердің көмегімен жаттығулардың кешенді түрлерін аз уақытта орындау мүмкіншілігі туындайды

Wordwall интерактивті және баспа материалдар құру үшін қолданыла алады. Шаблондардың көпшілігі интерактивті және баспа нұсқаларында қол жетімді. Интерактивті тапсырмалар компьютер, планшет, телефон немесе тақта сияқты кез-келген веб-құрылғыда ойнатылады. Оларды оқушылардың өздері немесе мұғалімнің басшылығымен сынып алдында кезекпен оқушылар ойнай алады. Басып шығаруды PDF форматында жай басып шығаруға немесе жүктеуге болады. Оларды интерактивті қосымша материал ретінде немесе өз бетімен оқу тапсырмасы ретінде пайдалануға болады [3,б.2].

8 сыныпта химия пәнінен «Сутек, сутектің қасиеттері, алынуы, қолданылуы» тақырыбында ашық сабақ өткізілді. Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары: сутекті алу және оның қасиеттері мен қолданылуын зерттеу. Топтық жұмысты ұйымдастыру арқылы ынтымақтаса жұмыс істеу ережесін құру үшін «Gaz math» әдісі арқылы топқа бөлінді. Қызығушылықтарын ояту барысында жеке тапсырма «Топтағы ой қозғау», «Quizizz» платформасы арқылы 5 сұрақ-жауап берілді. Оқушылар сілтеме арқылы жауап берді. Оқушылар сабақ барысында берілген критерийлер бойынша бағаланды. Кері байланысты «Google Формы» платформасында оқушылар «Сабақтағы белсенділігің?», «Тиімді ақпарат» берілген ақпаратқа байланысты жауап берді. Оқушылар уақыттарын үнемдеді. Гугл-формалар - қарапайым, ыңғайлы және сенімді құрал. Бұл интуитивті, үйренуге оңай. Химия сабақтарында экспериментті үнемі қолдану құбылыстарды бақылау қабілетін дамытуға, зерттелген теориялар мен заңдар контекстінде олардың мәнін дәл түсінуге, эксперименттік дағдыларды қалыптастыруға және жетілдіруге, өз жұмысын жоспарлау дағдыларын қалыптастыруға, шекті дәлдікке тәрбиелеуге көмектеседі. Виртуалды зертханалық жұмыстар және



симуляторлар – бұл нақты зертханалық қондырғылар мен құрылғыларды тікелей пайдаланбай, эксперименттер жүргізуге және нәтиже алуға мүмкіндік беретін компьютерлік бағдарламалар. Ғылыми-техникалық прогреске ілесу үшін мұғалімдерге прогрессивті педагогикалық технологияларды меңгеру қажет.

Бағалауды Microsoft Excel таблицада «Google Jamboard» жүргізілді. Әр топ басшысы оқушыларды бағалады. Әр оқушы әр тапсырмада алған ұпай сандарын көріп отырды.

Сервис арнайы интерактивті тақтада жұмыс істеу үшін арнайы жасалған, сонымен қатар қарапайым компьютерлер мен смартфондарда жұмыс істейді.

Google Jamboard ерекшеліктері:

- нақты уақыттағы ынтымақтастықты бақылау және бағалау;
- өнді тапсырыс бойынша кескінге өзгерту;
- графикалық планшетті қолдау;
- PNG форматындағы слайдты сақтау;
- жобаны PDF форматына экспорттау.

Бұл жұмыста оқу процесінде цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану нұсқаларының аз ғана бөлігі талданды, ол іс жүзінде қолданылды және оң жағынан өз нәтижелерін көрсетті. Оқу процесінде сандық білім беру ресурсын қолдану мысалдары ұстаздар үшін пайдалы болады. Оқу жағдайларын педагогикалық іздеу және модельдеу үшін көптеген мүмкіндіктер бар, ең бастысы, олардың барлығы дәстүрлі сабақ схемасымен оңай біріктіріледі.

Қорытындылай келе, біздің ойымызша, сипатталған қолдану әдістерді орындау барысында оқу үрдісіне кіргізіп, сандық білім ресурстарды толыққанды енгізуі оқытудың дәстүрлі әдістерін жаңа ақпаратты технологияларының әдістерімен қатар пайдалануға және толықтыруға, пән бойынша оқыту сапасын объективті бағалауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Білім беру саласындағы сандық ресурстар» (infourok.ru).
2. Осин А.В. Электронные образовательные ресурсы нового поколения в вопросах и ответах [Текст]/А.В. Осин. - М.: Агентство «Социальный проект», 2007. - 32 с.
3. Chemistry: Дәріс (срп.kz)
4. Методические рекомендации по использованию ЦОР в своей педагогической деятельности. Кунгурский Центр информационных технологий. 2006 г.



МАТЕМАТИКА САБАҚТАРЫНДАҒЫ ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІ

*Касыбаева Акерке Терекбаевна,
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Б.Алтынсарин атындағы мамандандырылған
мектеп-гимназия-интернаты» КММ
математика пәнінің мұғалімі*

Оқу тәрбие процесінде мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынастың атқаратын рөлі ерекше. Математика пәнінің көптеген мұғалімдері кейбір оқушылардың сабаққа деген ынтасының, қызығушылықтарының жоқтығын байқайды. Оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырып, ынтасын оятып, танымдық белсенділіктерін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау педагогтің шеберлігі. Педагогтің міндеті – жеке тұлғаны дамыту, білімге деген сенімдерін нығайту, оқуға қызығушылығын ояту, мотивациясын арттыру. Осы мәселеге қатысты Л. М. Фридман сыртқы және ішкі мотивацияның айырмашылықтарын сипаттайды: «егер бұл әрекетті ынталандыратын мотивтер онымен байланысты болмаса, онда олар осы қызметке қатысты сыртқы деп аталады; егер мотивтер іс-әрекеттің өзімен тікелей байланысты болса, онда олар ішкі деп аталады». Ішкі мотивация сыртқы мотивацияға қарағанда әлдеқайда күшті және тиімді деп саналады, себебі қарастыратын тақырып олардың шынайы қызығушылығын тудырады, ішкі уәжін арттырып содан ләззат алатындай нәтижеге жеткізеді. Бұл жағдайда балаға сыртқы себептер қажет емес: ата-аналардың ескертулері мен сендірулері, мұғалімдердің сенімдері [1]. Психологтардың пікірінше, оқушының танымдық белсенділігі туа біткен және тұрақты қасиет емес, ол динамикалық түрде сапалы дамытылып отыратын қасиет. Танымдық белсенділік әр түрлі факторлардың әсерінен дами алады: мектептер, жолдастар, отбасы, еңбек және т.б. сонымен қатар, сабақта оқушы мен мұғалімнің қарым-қатынас стилінің белсенділік деңгейі, оқушының үлгерімі мен көңіл-күйіне әсер етуі. Сондықтан бір оқушының танымдық белсенділігі әр сабақта өзгеріп отыруы әбден мүмкін. Осылайша, оқушылардың танымдық белсенділігінің деңгейін барынша арттыратын, оларды мұқият оқуға итермелейтіндерді оқытудың белсенді әдістері деп атаймыз. Демек, сабақтағы оқушылардың белсенділік деңгейі мұғалімнің педагогикалық шеберлігінің көрсеткіші деп айта аламыз.

Оқу іс-әрекетінің мотивациясын арттырудың бір жолы - оқушыларды зерттеу және жобалау қызметіне қосу. Зерттеу және жобалау жұмыстарын



жүзеге асырудың маңызды ерекшелігі - оқушылардың белгілі бір білім саласында құзыреттілікке ие болу қажеттілігі, сондай-ақ қиялдың белсенді жұмысы-шығармашылықтың ажырамас негізі. Заманауи мектеп тек ақпарат беріп қана қоймай, онымен жұмыс істеу тәсілдерін де беруі керек деп ойлаймын, яғни білім алушылар оқуды үйреніп, жаңа білім алып, оны іс жүзінде қолдана білуі қажет. Менің қызметімнің басты мақсаттарының бірі - шығармашылық тұрғыдан ойлайтын, сауатты, жаңа өмірдің әртүрлі жағдайларына бейімделе алатын, өзін-өзі тәрбиелеуге, өзін-өзі бақылауға, өзін-өзі жетілдіруге дайын, өмірді сүйетін, зерттеу және жобалау қызметі саласындағы ғылыми біліммен байытылған адамды тәрбиелеу. Мұғалім оқушының оқу үлгерімін ғана емес, түсініп оқуын ескеретін оқу үдерісі материалды терең игеруге ықпал ететін мәселелер:

Бірінші мәселе: Адамның жаңаны меңгеруі оның нені білетіні және түсінетініне байланысты болады.

Екінші мәселе: Оқу оқушының бастапқы білімі мен дағдыларын назарға алып, оларды өрістетуді мақсат еткенде мәнді болады.

Үшінші мәселе: Осы байланыстарды дамытып, нығайту үшін проблемаларды шешу үдерісін толыққанды қатыстыру қажет.

Төртінші мәселе: Оқушыларға болжам жасауға, өз ойын құруға, оны қорғауға және сынақтан өткізуге уақыт беріңіз.

Бесінші мәселе: Оқушылардың бір-бірін оқытуына мүмкіндік беріңіз [2].

Математика пәні мұғалімі ретінде оқушылардың оқуына ықпал ететіндей өз сабақтарымды қызықты, тартымды, білім алушылардың ізденіс қасиетін қалыптастыру мақсатында ғылыми зерттеу негіздерін арттыру үшін келесі әдістер мен әрекеттерді қолданамын:

Зерттеу жұмыстарын жүргізу: Оқушыларға математикалық проблемалар мен сұрақтар қою арқылы зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік беріледі. Мысалы, оларға математикалық құбылыстар мен қасиеттерді зерттеуге, математикалық модельдерді құруға және оларды шешуге көмектеседі.

Эксперименттер мен тәжірибелер: Оқушыларға математикалық ұғымдар мен қағидаларға қатысты эксперименттер мен тәжірибелерді ұйымдастыру. Мысалы, геометриялық фигуралардың аудандарын, периметрлерін өлшеу, функциялардың графиктерін салу және оларды зерттеу.

Ғылыми баяндамалар мен жобалар: Оқушыларға ғылыми баяндамалар мен жобалар дайындауға мүмкіндік беріледі. Бұл олардың



зерттеу жұмыстарының нәтижелерін ұсынуға, қорытынды жасауға және ғылыми дереккөздерге сілтеме жасауға көмектеседі.

Мысалы 5 сыныптарда «Тікбұрышты параллелепипед», «Текше» және олардың жазбалары тақырыптарын қарастырғанда оқушыларды өз беттерінше оқуына бағыттау мақсатында келесідей тапсырмалар беріп, зерттеу жұмыстарын жүргізуге бағыттаймын: алдын ала үйге тапсырма беріледі, тікбұрышты параллелепипед пен текшеге ұқсайтын затты немесе олардың моделін, фигуралардың жазбасын алып келу, сабақ уақытында мұғалімнің тікелей қатысуынсыз, бірақ тапсырмалар беру арқылы, қолдарындағы фигуралардың атауын, элементтерін анықтап, өлшемдерін өлшеп дәптерге жазу, кейін сол өлшемдер арқылы басқа да қандай элементтерін анықтауға болатынын, оны есептеулер жүргізулер арқылы табуға бағыттаймын. Осылай эксперимент жүргізу негізінде балалар фигуралардың периметрін, аудандарын, көлемдерін есептеп терең түсінік қабылдайды. Оқушылар өздігінен жұмыс жасау арқылы, іс-әрекет барысында ақпаратты талдау және өңдеу, зерттеу, практикалық жұмыс, проблемалық жағдаяттарды шешу арқылы оқушылардың бойында білім мен дағдылар қалыптасады және дамиды. Ал жоғарғы сыныптардағы оқушыларға ғылыми баяндамалар, жобалар беру арқылы күрделі тақырыптарды жеңіл меңгертіп, түсіндіруге болады. Бұл кезде де алдын ала күрделі тақырыпты бірнеше тармақшаларға бөліп тастап топтық жұмыс ретінде ұсынамын. Мысалы, 11 сыныптарда «Дифференциалдық теңдеулер туралы жалпы мағлұмат. Айнымалылары ажыратылатын бірінші ретті дифференциалдық теңдеулер» тақырыбын өткенде бір топқа дифференциалдық теңдеулердің алгебралық теңдеудің айырмашылығын анықтау, екінші топқа дифференциалдық теңдеудің дербес шешімін қандай жағдайларда табуға болатынын, үшінші топқа айнымалылары ажыратылған дифференциалдық теңдеуді зерттеу, төртінші топқа айнымалылары ажыратылатын дифференциалдық теңдеулерді қарастыруды ұсындым. Көрсетілген сұрақтарды зерттеуге қысқа мерзімді, қол жетімді мақсат пен міндеттерді айқын қойдық. Бұл әдіс оқушылардың математикалық сауаттылығын, ғылыми сауаттылығын арттыруға, ізденімпаздық пен шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Осылайша, оқушылар өз бетінше ізденіс жасауға, зерттеу жұмыстарын жүргізуге және ғылыми дереккөздерді қолдануға үйренеді. Бұл олардың білім деңгейін жоғарылатуға және қазіргі заманғы ғылым мен техниканың талаптарына сай келетін білім алуларына ықпал етеді. Мұндай сабақтарға білім алушылар терең дайындалып, жауапкершілікті сезінеді. Сонымен қатар тақырыпты өткен соң, есептерді түріне қарай бөліп саралау



жүргіземіз. Мұны да оқушылардың өздеріне бағыттаймын. Есептерді шығармас бұрын оны оқып, талдап ауызша зерттеу жүргізіп кейін шығару жолын түсінген соң жазбаша қарастырамыз. Бұл олардың өз білімін жетілдіруге, әрі қарай үйренуге және қоршаған ортамен байланысқан ғылыми мәселелерді зерттеуге мүмкіндік береді. Ақыл-ой әрекетін белсендендіру үшін, жауапты өз бетінше іздеу үшін конструкциялы кеңестер көмектеседі: «неге?», «...Себебі неде», «... құбылысының мәні неде», «егер... болса, не өзгерер еді», «... қалай ерекшеленеді» және т. б. Зерттеу сипатындағы тапсырмалар дәстүрлі тапсырмалардан тұжырымдамасымен ерекшеленеді. Оқулықтардағы тапсырмалардың көп бөлігі келесідей тұжырымдалған: «Теңдеуді шешіңіз», «Өрнектің мәнін табыңыз», «Тепе-теңдікті дәлелдеңіз» және т.б. Ал зерттеу тапсырмаларының тұжырымдамаларында нақты жауап жоқ, оны өзіңіз тауып, негіздеу керек. Тапсырмалардың тұжырымдамалары келесідей болуы мүмкін: «зерттеу», «егер... болса, онда...», «... болатын қажетті және жеткілікті шартты табу», «өрнектердің қайсысы үлкен екенін анықтаңыз» және т.б. Зерттеу сипатындағы мәселелерді шешкеннен кейін жауап пен қорытындыны талдау қажет. Зерттеу сипатындағы есептерді шешуде оқушы математикалық білімді практикалық қажеттіліктерге қолдануды үйренеді. Мектептегі математика курсы сабақтарда ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға үлкен мүмкіндіктер береді. Мысалы, 7 - сыныпта «Үшбұрыштың теңсіздігі» тақырыбын оқығанда оқушыларға келесідей тапсырма берілді:

Үш үшбұрыш салыңыз:

1. Қабырғалары 3 см, 4 см, 5 см.
2. Қабырғалары 8 см, 3 см, 7 см
3. Қабырғалары 9 см, 5 см, 3 см.

Балалар тапсырманы дәптерлерде орындайды, содан кейін нәтижелерін талқылайды. Үшінші жағдайдағы үшбұрышты салу мүмкін болмады. Білім алушылар бұл үшбұрышты неге сала алмағандығы туралы өз болжамдарын айтады. Нәтижесінде талқылаулар мұның бәрі қабырғаларының ұзындығына байланысты деген қорытындыға келеді. Гипотеза тұжырымдалады: «Үшбұрыштың әрбір қабырғасы өзге екі қабырғасының қосындысынан кіші болады». Гипотезаны басқа мысалдармен тексеріп, нәтижесін оқулықтағы теоремамен салыстыру ұсынылады. 7-сыныпта «Медиана, биссектриса, үшбұрыштың биіктігі» тақырыбын оқығанда сынып бірнеше топқа бөлінеді. Әр топқа үш сызба ұсынылады, біріншісінде – үшбұрыштың барлық медианалары, екіншісінде – үшбұрыштың барлық биссектрисалары, үшіншісінде -



үшбұрыштың барлық биіктігін салу. Сызбаларға барлығы белгі қояды. Оқушыларға барлық сызбаларды зерттеп, қажетті өлшемдерді орындап, биссектриса, медиана және биіктік анықтамаларын тұжырымдау ұсынылады. Әр топ өз анықтамаларын сынып алдында ұсынады. Мен 5-сыныптан бастап оқушыларды зерттеу қызметіне тарта бастаймын, баяндамалар, сабақтардағы шағын хабарламалар, математиканың тарихына экскурсиялар, зерттелетін мәселелерді практикалық қолдану, өздігінен жасалған кестелер, модельдер, кроссвордтар және т.б. балалардың зерттеу қызметі арқылы пәнді оқуға деген ынтасы бар екендігін айта аламын.

Сөзімді қорыта келе, зерттеу қызметін ұйымдастыру оқушылардың танымдық қызығушылықтарын, тәуелсіздігін дамытады, оқу пәнінің белгілі бір саласындағы білімді жүйелеуге, жалпылауға, тереңдетуге мүмкіндік береді және оларды практикада қолдануға үйретеді. Мұғалімнің басты міндеті - оқушыға білім беру ғана емес, оны оқуға үйрету. Ал оқушылардың зерттеу қызметі бұған көп жағынан көмектеседі. Көзге қиын көрінетін формулалар мен теоремаларды оңай жолдармен түсінеді. Балалар математика тек сабақта ғана емес, сәулет өнерінде, кескіндемеде, музыкада, бізді қоршаған табиғатта бар екенін түсінеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Фридман Л.М. Логико-психологический анализ школьных учебных задач. - М.: Педагогика, 1977. - 208 б.

2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Тиімді оқыту мен оқу» Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы.



БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

*Келинбердиева Ырсалды Сиелхановна,
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Ы.Алтынсарин атындағы мамандандырылған
мектеп-гимназия-интернаты» КММ
тарих пәнінің мұғалімі*

Білім беру жүйесін модернизациялау жағдайында мектептің негізгі міндеттерінің бірі - білім алушылардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыру болып табылады.

Құзыреттілікке негізделе отырып, білім алушылардың зияткерлік және зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру арқылы оқу үрдісінде баланың өзін-өзі анықтауы мен өзін-өзі жүзеге асыруы үшін жағдай жасау қажет.

Бүгінгі таңда жоғары зерттеу қабілеті, әртүрлі салаларда ойлау деңгейі қалыптасқан, жаңа жолдар мен тәсілдерді таба алатын азамат мектептегі оқу-тәрбие процесінде қалыптасады.

Ол үшін білім алушының іс-әрекетін тек дайын білім алуға ғана емес, сонымен қатар өз бетінше ізденуге, зерттеу дағдыларын дамытуға бағыттау қажет.

Зерттеу қызметінің дамуы білім алушының жаңа жағдайларға байланысты білім мен дағдыларды қолдана білуінде, белгілі объектілермен қатар мәселені шешудің әртүрлі, тиімді әдістерін іздеуде және табуда көрінеді.

Қазіргі таңда білім алушылардың бастауыш сыныптан бастап, әр білім беру сатысында ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізіп, «Зерде» республикалық 2-7 сынып оқушылары арасында зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстардың конкурсына, жалпы білім беретін пәндер бойынша 8-11(12) сынып оқушыларына арналған республикалық ғылыми жобалар конкурсының әр деңгейіне қатысу мүмкіндігі бар.

Білім алушылардың ғылыммен айналысу үшін мектеп пен мұғалімнің рөлі орасан зор. Мұғалім білім алушылардың ғылыми зерттеу қызметін ұйымдастырмас бұрын, олардың зерттеуге деген қызығушылығын сабақ барысында ғана емес, сабақтан тыс уақытта да ұйымдастыру қажет.

Сол себебтен, мектеп жасындағы балалардың ғылымға деген қызығушылығын арттыру мақсатында құрастырылған «Ғылыми зерттеу жұмысының негіздері» таңдау курсы білім алушыларды оқу үрдісі және



сыныптан тыс уақытта ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастырудың теориясы және практикасымен, танымдылық қызметін дербестігінің қалыптасуына, ғылыми зерттеу әдіснамасының қалыптасуына мүмкіндік береді.

Білім алушылардың ғылыми зерттеу дағдыларын қалыптастыру мақсатында курс бағдарламасы:

- ✓ ғылым туралы түсінігін қалыптастыру;
- ✓ ғылымның даму кезеңдерін зерделеу;
- ✓ ғылыми зерттеудің әдіснамалары;
- ✓ ғылыми зерттеу жұмыстарының түрлерімен танысу;
- ✓ ғылыми зерттеу жұмысында қолданатын дереккөздермен жұмыс жасау;
- ✓ ғылыми зерттеу жұмысын ұйымдастыру жолдарын меңгертуге жағдай жасайды.

Білім алушылардың ғылыми зерттеу дағдыларын қалыптастыру үшін, бастапқы ғылым туралы, ғылымның даму кезеңдерімен таныстыру қажет.

Курс барысында білім алушылар бақылау, тәжірибе, зертхана, сауалнама, сұхбат жүргізуді үйренеді. Зерттеуді жүргізу әдістерімен танысады, зерттеу қандай мақсатта жүргізетінін түсінеді.




1-сурет Мұрағатқа саяхат сабағы

Мұрағат, әдеби дереккөздермен жүргізу жолдарын меңгеру мақсатында сабақтар мектептен тыс, мұражай, мұрағат, кітапханада экскурсия, саяхат сабақтары ұйымдастырылады.

Мұрағатқа саяхат сабақтарында: мұрағат ережесі, мұрағат қорлары, мұрағат құжаттарымен жұмыс жасауды үйренеді.

Кітапхана сабақтарында білім алушылар каталог және оның жұмысының ерекшеліктерімен танысады, кітапхана ережесімен, библиография құрастыру принциптері үйренеді. Кітапхана бөлімдері, кітап қорларында әдеби дереккөздермен жұмыс жасайды.

Келесі кезеңде білім алушылар өздерінің ғылыми жобаларының тақырыбы, тақырыптың өзектілігі, мақсат, міндеттері, тақырыптың гипотезасы тақырыбы аясында теориялық біліммен қатар, практикалық сабақтарда жалғасын табады.





Білім алушылардың ғылыми зерттеу дағдыларын қалыптастыру барысында теория негізінде алған білімдерін практикалық жұмыстар барысында қолдану арқылы жүзеге асырады.



2-сурет. Кітапхана сабақтары

Білім алушылардың білімін жүйелеу мақсатында «Ғылыми зерттеу жұмысының негіздері» таңдау курс бағдарламасына қоса берілген жұмыс дәптерінде берілген тапсырмалар: байқау, салыстыру, синтездеу, талдау, сипаттау, жалпылау және арнайы әдістер: ғылыми дереккөздерді, ақпаратты жинау, SWOT-талдау, конспектілер, баяндамалар, эсселер жазу, жобаларды қорғау, каталогпен жұмыс істеу, ғылыми әдебиеттер тізімін жасауға бағытталған.

Тапсырмалар ғылым туралы түсініктерін тереңдетуге, өз бетімен зерттеп, оның түйінді ақпаратын белгілеуге үйрету жолдары жақсы сипатталған.

Талдау кестесі: зерттелетін тақырыптың маңыздылығын, тақырыптың мақсатына жету тиімділігін, міндеттердің орындалуын айқындау арқылы жететін нәтижелерін болжауға ыңғайлы.

Зерттеу жұмысының тақырыбы	Зерттеу жұмысының өзектілігі	Маңыздылығы бойынша аргументтер



Болжау кестесі: білім алушының зерттеу жұмысының мақсат, міндеттерін анықтау, жұмыс барысындағы қолданатын ресурстарын анықтауда тиімді.

Зерттеу жұмысының мақсаты	Мақсатқа жету қаншалықты мүмкін	Мақсат мақсатқа жету үшін қандай ресурстар қолданылады?	Мақсатқа жету үшін қандай міндеттер айқындалуы тиіс?

Ақпарат жинақтау кестесі: білім алушылардың өз ғылыми зерттеу тақырыбы бойынша әдеби дереккөздерге шолу жасау барысында ақпаратты жүйелі жинақтауға мүмкіндік береді.

	Атауы	Автор	Баспасы, шыққан жері, жылы, (кітап); Басылым атауы, жыл, нөмірі, күні (газет, журналдар);	Қарастырған беттері (басылым құжаттары); Сайтты қараған уақыт	Қысқаша аннотация (қажетті ақпарат бойынша)
Оқулық					
Энциклопедия					
Сөздіктер					
Анықтамалық кітап					
Баспасөз басылымы					
Ғаламтор					

Зерттеудің әдістері. Зерттеу жұмысын жүргізу барысында қолданатын әдіс-тәсілдерді дұрыс қолдану арқылы нәтижеге жетуге мүмкіндік береді.

Бақылау күнделіктері. Білім алушылар тапсырманы орындау барысында өздерінің жүргізген кішігірім зерттеулерін жүйелі ұйымдастыруға жағдай жасалынады.

Өсімдікті бақылау күнделігі

Бақылау уақыты _____
Бақылаудың орны _____
Бақылаудың мақсаты _____
Бақылау объектісі _____
Бақылаудың аяқталу уақыты _____



Күні	Бөлменің ауа температурасы	Өсімдік ұзындығы	Суару уақыты	Құнарландыру уақыты	Менің бақылауым бойынша қорытынды

Сауалнама жүргізу арқылы тақырып аясындағы мәселелер айқындалады. Сауалнама нәтижесі жұмыста: диаграмма, кесте ретінде қолданылады. **Сауалнама жасау үшін:**

1. Өзіңіздің проблемаңызға байланысты сауалнамға қатысушылар санатын анықтаңыз;
2. Сауалнама сұрақтарын қатысушылар санатына сәйкес құрастырыңыз;
3. Сауалнаманы өткізу тәсілін, құралын анықтаныз (электронды, қағаз ретінде, қосымшалар арқылы);
4. Сауалнаманы өткізетін орынды анықтаңыз;
5. Сауалнама өткізіп болғасын оның қорытындысын жасаңыз.

Жадынаманы қолдана отырып, «Қостанай қаласының тарихы» тақырыбында шағын сауалнама құрастырып, өткізіңіз.

Курс барысында білім алушылар үлкен көлемдегі ақпараттық материалдармен, жалпыланған ұғымдармен жұмыс істеу, жүйелеу, жіктеу дағдылары мен ғылыми стилінде ойлау, талдау, синтез, тұжырым жасау өнерін үйренеді. Осы курсты оқып-үйрену нәтижесінде балалар ақыл - ой еңбегін ұтымды ұйымдастырудың қажетті білімдері мен дағдыларына ие болады.

Халықаралық ғылыми жобалар конкурстары

- 1. Ө.Жалдасбеков атындағы Халықаралық конкурс (3-ші орын)
- 2. Республикалық IT-жобалар (2-ші орын)
- 3. «ROBOLAND-2023» VIII Халықаралық робототехника, бағдарламалау және инновациялық технологиялар фестивалі (3-ші орын)

<https://gylymizerttey.kz/>



Білім алушылар курс барысында берілген ақпаратты сараптауға, қорытынды жасауға, кез келген ситуацияда өз бетімен шешім қабылдап, өз мәселесі бойынша шешім қабылдауға үйренеді.

Сонымен қатар білім алушылардың өз ойларын жетік жеткізе білу, пікірлерімен бөлісу, сыныппен талдау, белгілі ережелерге сүйене отырып, өзінің болжамдары мен фактілерін дәлелдеуге, сұрақ қоя білуге, көпшілік алдында сөйлей алуға дағдыланады.

Жыл соңында курсқа қатысушылар арасында конференция ұйымдастырылып, білім алушылардың жұмыстары тыңдалып, қажет болған жағдайда ұсыныстар жасалынады, пән мұғалімдері ұсынылған жұмыстармен облыстық сайыстарға дайындықтарын жоспарлайды.

Курс 2019-2023 оқу жылдары аралығында мектебімізде жүзеге асырылуда.

Қазіргі таңда курсты сол уақытта бастаған оқушылар 11 сыныпта білім алуда. «Ғылыми зерттеу жұмысының негіздері» курсына қатысушылардың 2021-2024 жылдар бойынша ғылыми жобаға қатысу мониторингіне тоқталатын болсақ:

- ✓ Облыстық ғылыми жобалар конкурсына - 155 оқушы қатысып, 83 жүлделі орын.
- ✓ Республикалық ғылыми жобалар конкурсына - 18 оқушы қатысып, 12 жүлделі орынды иеленуде.
- ✓ Халықаралық ғылыми жобалар конкурсына ғылыми жобалар конкурстарынан Хасенова А. - Ө. Жолдасбеков атындағы математика





және механика бойынша зерттеу жобаларының XIII Халықаралық конкурсынан - 2 орын, Утилиева Айдана, Мырзатаев Нұралы - «ROBOLAND-2023» VIII Халықаралық роботехника, бағдарламалау және инновациялық технологиялар фестивалінен - 3 орын, Республикалық IT-жобалар – II орынды иеленді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Е.С. Асқаров, Е.Қ. Балапанов, Б.А. Қойшыбаев «Ғылыми зерттеулердің негіздері» оқу-әдістемелік құралы, 2005 жыл, Алматы;

2. Қ.О. Бітібаева «Оқушыларды ғылыми зерттеу жұмысына баулу жолдары» оқу құралы, Семей «Үш биік» баспасы ЖШС-2007, 120 бет.
Қ.О. Бітібаева «Оқушыларды ғылыми зерттеу жұмысына баулу жолдары» мұғалімдерге арналған нұсқаулық, Астана, Дарын, 2007 жыл, 259 бет.

3. Т.Р. Битуова, А.Т. Құлахметова, А.Е. Искакова «Ғылыми жобаны әзірлеу және қорғау бойынша әдістемелік құрал», Астана: Дарын-2011 жыл, 68 бет.

4. А.П. Болдин, В.А. Максимов «Основы научных исследований», Мәскеу: Издательский центр «Академия», 2012 жыл, 336 бет.

5. И.Н. Кузнецов «Основы научных исследований: методика подготовка и оформления» 2013 жыл.

6. В.М. Кожухар «Основы научных исследований», Мәскеу: Издательско торговая корпорация «Дашко и К», 2010 жыл, 216 бет.

7. Ш.Т. Таубаева, А.А. Болатбаева «Методология и методы педагогического исследования», Алматы: 2015 жыл, 214 бет.



ВЕБ ЖОБАЛАУ

*Манасбаев Шотбай Имашевич,
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Ы.Алтынсарин атындағы мамандандырылған
мектеп-гимназия-интернаты» КММ
информатика пәнінің мұғалімі*

Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің өзекті мәселелерінің бірі – осы заман талабына сай білімді, білікті және компьютерді еркін түрде меңгере алатын мамандарды дайындау. Қазіргі уақытта орта білім жүйесінде программалау негіздерін оқыту әдістемесін жаңарту қажет, өйткені программалау технологиясы және тілдері динамикалық дамуда. Ақпараттық технологиялар саласы бойынша терең білім алам дегендер, тек программалар жүйесін және оны пайдаланудың бар мүмкіндіктерін ғана меңгерумен шектелмей, программалау технологиясының негізін білулері өте қажет. Осы мәселенің негізін шешу мақсатында информатикадан 10-сыныпқа арналған «Веб - программалау» атты электронды оқу құралы жасалды. Бұл - оқу құралының мақсаты, оқушыларды HTML және JavaScript тілдері көмегімен қарапайым веб-беттер, сайттар жасау арқылы шығармашылық мүмкіндігін қалыптастыру. Программалауға машықтандыру, олардың логикалық және аналитикалық, алгоритмдік ойлау қабілетін арттыру.

Бұл оқу құралы Қазақстан Республикасы орта білім жүйесін ақпараттандырудың Мемлекеттік бағдарламасының талаптарын қанағаттандырады және дарынды балаларға арналған мектеп шеңберінде оқытылатын барлық материалды қамтиды. Берілген «веб жобалау» оқу құралы бойынша теориялық және практикалық материалдармен танысуға көмектеседі. Осы құрал бойынша практикалық жұмыстарды орындау үшін қажетті материалдар қамтылып, WWW ортасында осы тілді пайдалану жолдарынан көптеген мысалдар келтіріліп, бағдарламалық кодтар берілген. Әр практикалық жұмыста өзіндік жұмыстар үшін тапсырмалар және бекіту сұрақтарымен толықтырылған.

Бүгінгі егеменді мемлекетімізде өскелең ұрпаққа тәрбие мен білім беруде, олардың өзіне тән жеке дербес ерекшеліктерін, яғни дарындылықтарын байқауда және оны жан-жақты дамытуда қомақты жұмыстар жасалуда. Осы тұрғыдан қарастыра келе, білім беруде ұлттық сипатта дарындылық қабілетін ашу, тәрбиелеу негізге алынуда. Мұғалімнің оқу – тәрбие процесін ұйымдастыруда өзіндік ерекшелігі мен



дарынды оқушылармен жүргізілетін жұмысты жүйелі ұйымдастыру бүгінгі таңның өзекті мәселесі болып отыр. Сондықтан информатика сабақтарында дарынды балаларды оқыту мәселесі «Веб - жобалау» тақырыбы мені ерекше қызықтырады. Мақсатым - оқушылардың өзіндік танымдық жұмыстарын ұйымдастыру, оқушыны өздігінен оқып, ой-өрісін тереңдетуге баулу арқылы ғылыми ізденіске жетелеу. Дарынды оқушылар шығармашылық жұмыстар арқылы өз қабілеттерін шыңдау, жаңа технологияның әдіс-тәсілдері арқылы оқушының тұлғалық әрекеті дамиды, оқушылар белсенділікке ұмтылып, көшбасшылық қабілеті қалыптасады, кез-келген мәселенің шешімін таба білуге дағдыланады.

Ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсариннің балаларды оқыту ісіндегі алға қойған мақсаттары бүгінгі педагогиканың да негізгі мақсаттарына айналып отыр. Яғни, оқушыларды оқыта отырып, тәрбиелеу. «Тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы» деген ғұлама ғалым Әл-Фарабидің тұжырымдамасын бастау етіп алатын болсақ, бұл үрдісті Ы. Алтынсариннің еңбектері мен айтқан нақыл сөздерінен де анық көре аламыз. Қоғамдағы мектеп пен мұғалімнің алар орны мен мәртебесін айқындап, әрқашан білім беруші жандардың орны ерекше екенін дәлелдегісі келген бабамызды «Педагогика майталманы» десек, артық айтқандық болмас. Осы орайда, «Мектеп қабілетсіздік пен жалқаулықтың ұясына айналмауы тиіс» деген Ы. Алтынсариннің пікірінде қаншама мән-мағына жатыр [1, 33-34 б.]. Мектептің бала тәрбиесіндегі орнының қаншалықты жоғары екенін осы сөздерден-ақ көруге болады. Осы мектептің негізгі тірегі мұғалім екенін ескерсек, мұғалімнің негізгі байлығы – оқушы. Алдындағы шәкірт ұстаздың айнасы іспеттес, ол айнаның тазалығы мен анықтылығы ұстаз еңбегінің нәтижесі болып табылады. «Шәкіртсіз ұстаз тұл» дейді халық даналығы. Ал осы алдында отырған оқушының ішінен өз пәніне деген қабілеті жоғары, ерекше дарындылығы бар баланы көре білу, оның осы асыл қасиеттерін ары қарай дамыта білу үлкен еңбек пен ізденісті қажет етеді. 19 ғасырда қазақ халық ағартушылары, солардың ішінде Ы. Алтынсарин халықты сауаттандыру, жеке тұлғаның қабілетін, дарындылықты дамыту мәселелерін көтерді. Ағартушы Ы. Алтынсарин: «Табиғи ақыл өзін қоршағанды ғана құшағына ала алса, оны дамытып өзі көрмегенді де танып білуге мүмкіндік жасайтын тек қана өркениетке жетелейтін озық білім» – деген болатын. Бұл сөздердің мәні тереңде жатыр. Себебі, бала бойындағы табиғи қасиеттерді дамытып, жетілдіре алатын озық білімді бере алу мұғалімнің басты міндеттерінің бірі. Міне, дарындылықты дамытудың басты қағидасы осында жатыр [2, 56-57 б.].



Ыбырай Алтынсариннің қазақ педагогикасына қосқан ең үлкен үлесінің бірі – қазақ мектептерін ашуы. Өзі өмір сүрген өңірде білім ұяларының шамшырағын жаққан бабамыз ашқан мектептер туралы тақырып бөлек әңгіме екені сөзсіз. Мен Ыбырай бабамыздың Қостанай қаласының қақ төрінде орналасқан, бүгінгі күні «Ы. Алтынсарин атындағы мамандандырылған мектеп-гимназия-интернаты» болып табылатын білім ордасында мұғалім болып қызмет етемін. Ұлы бабамыздың қара шағырағының бүгінгі Қазақстан педагогикасынан алатын орны да ерекше. Осы алтын ұяның мұғалімі ретінде мектеп-интернат тарихына тоқталып кетуді жұмыстың басты мәселелерінің бірі деп қарастырдым. Биылғы жылы бабамыз салған білім ордасына 140 жыл толып отыр.

Осыдан дарынды оқушымен жұмыс жүргізудің негізгі мақсаты – олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру деген қорытынды пікірге келдім. Ал мақсат қажетті оқу бағдарламасын тереңдетіп, оқыту және оқушының танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады. Шығармашылық - өзінің жаңашылдығымен, өзгешелігімен ерекшеленетін өнім алуға мүмкіндік жасайтын, жеке тұлға бойындағы қабілеттіліктің, білім мен біліктіліктің болуы. Мен өзім информатика пәнінің мұғалімі ретінде шығармашылық қасиеті мол оқушыларға ерекше көңіл бөлемін.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытатын информатика пәнінен жаңа технологияларын қолдану, инновациялық бағытта жұмыс жасау заман талабына сай келеді. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін информатиканы оқыту процесінен тыс оқу жұмыстары ұйымдастырылуы тиіс.

Жаңа ақпараттық технологиямен орындалатын қызмет өзінің кез келген нақты формасында тиімдірек орындалады, адам өркениетті бола бастайды. Ұрпақ үшін білімнің маңызы қандай болса, ақпараттық технология да оқушы үшін қоршаған әлемді танудың құралы болып табылады. Олай болса, Ғаламтордың барлық мүмкіндігін кеңінен пайдалану – бүгінгі күннің кезек күттірмейтін өзекті мәселелерінің бірі.

Бүгінгі интернет ғасырында, web – беттер мен сайтты жасау іскерлігі ақпараттық қоғамдағы адам мәдениетінің элементі болып есептеледі. Осы себеппен web - бағдарламалау бөліміне информатиканы зерттеу бағдарламасында және ақпараттық технологияларда маңызды орын беріледі. Тап осы бөлімде әр түрлі технологиялар үлеседі, мәтінмен жұмыс, графикамен, дыбыспен және бейнеақпармен, файлдықпен жүйемен жұмыс бұның бәрі информатиканың әр түрлі бөлімдерінен білім



пайдалануға рұқсат етеді. Web – дизайн негіздерінің зерттеуі көркем қабілеттерін дамытады. Білім берудің кез келген саласында электрондық оқулықтарды пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен жұмыс істеуге жағдай жасайды.

Шығармашылық жұмыстары оқушының интеллектуалдық дамуының өсу деңгейін арттырады. Ғылыми сипаттама беруді үйренеді. Ғалымдардың тәжірибесіне негізделген материалдарды іздестіріп, танымдық белсенділігін арттырады. Ғылыми еңбектермен жұмыс жасау әдістерін меңгереді. Ғылыми жұмыстардың теориялық және тәжірибелік аспектілерін шешуде шығармашылық белсенділік көрсетіп, ғылыми нәтижесін алады. Қоғамдық өмірге бейімделген интеллектуалды жеке тұлға қалыптасады. Қай жұмысты болсын қызығушылықпен, ынтамен жасаса нәтиже шығатыны анық. Ал біздің кішкентай білгірлерімізді қызықтыру, ынталандыру өз қолымызда [3, 78-79 б.].

Ыбырай Алтынсариннің ғылымға қосқан үлесін айтатын болсақ, ол нағыз ұлылыққа тең іс екені сөзсіз. Ғалымның салған ізімен оқушыларымызды ғылыми жұмыстарға даярлайтын болсақ, ісіміз нәтижелі болары анық. Сол себепті, дарындылықты дамыту жолында ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің сара жолын жалғастыру басты ісіміз деп білемін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жармұхамедұлы М. Ыбырай Алтынсарин тағлымы: Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Жазушы, – 1991. – 384 б.
2. Асқаров А. Ұлы Тұранның ұлдары – Алматы: Нұрлы әлем. –1998. – 408 б.
3. Көшімбаев А. Оқыту методикасы. – Алматы: Мектеп, –1969. – 242 б.



ЭССЕ ЖАЗУ САУАТТЫЛЫҒЫ

*Нугуманов Агыбай Карынович,
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Б.Алтынсарин атындағы мамандандырылған
мектеп-гимназия-интернаты» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

Білім беру жүйесі күннен-күнге өзгеріп, жаңашылдықтары артып отыр. Оқушылардың жазбаша шығармашылығын арттыру жолында мектеп бітіруші түлектердің жазбаша емтихан жұмысы – эссе, жазбаша жұмысы болып отыр. Сондықтан да пән мұғалімдерінің алдынан «Эссе жазба жұмысын қалай жаздырамын?», «Эссені жазуға қалай үйретемін?» деген сұрақтар туындайды. Ойлана келе, осы сұрақтардың жауабын да анықтауға болады, өйткені қазіргі таңда Қазақстанның барлық мектептерінде эссе жұмысының маңызы артып отырғанын байқаймыз.

Бұл бағдарламаның ерекшелігі – заманауи жазба жұмыстарының бірі эссе жұмысын сауатты жазуға үйрету, оның жолдарын көрсету, тілдік құралдарды орынды қолдана білуге дағдыландыру, эссе құрылымын сақтай білуге үйрету [1].

Эссенің шығармадан айырмашылығы түсіндіріліп, бұл жазба жұмысына қойылған талаптар мен міндеттердің ерекшелігін айқындау. Эссе жазу барысында стильдік заңдылықтарды ұстану жолдарын ұсыну.

Бұл жазба жұмысы автордан тек өз білімін көрсетуді ғана емес, сонымен бірге өзінің сезіміне, толқу мен толғауларына және жазып жатқан тақырыпқа байланысты көзқарасына ерекше мән беруді талап етеді. Сонымен бірге шығармашылық еркіндікке қарамастан, эссе жанрында ой қозғау оңай емес екенін ұмытпаған жөн. Ең маңыздысы – басты идеяны тауып, белгілі бір мәселеге байланысты қалыптан тыс көзқарасты білдіру керек.

Эссе – ол ойлау қабілеті, талпыныс, жазушылық сынама. Ұсынылған тақырып бойынша өздік жазба жұмысы. Жадындағы көркем ойды қағаз бетіне сол қалпында түсіру, кез келген оқушының қолынан келе бермейді. Ол ерекше шығармашылықты талап ететін қиын жұмыс.

«Эссе жазу сауаттылығы» қолданбалы курс бағдарламасының мақсаты ретінде, жоғары сынып оқушыларының ойын, пікірін әдеби тілмен жатық, сауатты жаза білуге, шығармашылық ізденіске баулуға, логикалық ой-өрісін кеңейтуге, тезистер, дәлелдер келтіре отырып,



берілген тақырыпты аша білуге үйрету. Ал басты мақсат – шығармашылықпен ойлайтын парасатты тұлға қалыптастыру.

Ал міндеттеріне келетін болсақ:

- оқушылардың өздігінен ізденуіне, шығармашылықпен әрекеттенуіне жол ашу;

- әр оқушыға өзінің қоғамдық рөлі мен жауапкершілігін сезіндіру және жазуға үйрету;

- эссе жазуда оқушының ізденіс жолдарын байқау және оны әрі қарай дамыту;

- таңдаған тақырыбының оқиғалық желісін, мазмұнын аша білуге көмектесу;

- тапсырмалар арқылы оқушының сөз өнеріне деген сүйіспеншіліктерін байқау;

- эссенің өмірмен, әдебиетпен тығыз байланыста екенін ұғындыру.

Эссе дегеніміз не? Эссені көпшілігі «Бұл – қарапайым шығарма» деп ойлайды. Алайда, олай емес. Эссе – прозалық әдеби жанр. Француз тілінен аударғанда «очерк» немесе «нобай» деген мағынаны білдіреді. Эссе автордың дара әсерін, белгілі бір мәселеге қатысты көзқарасын көрсетеді. Ол белгілі бір сұраққа толық жауап бермейді, тек сол мәселеге қатысты өз ойын немесе әсерін көрсетеді. Эссені дұрыс жазу үшін алдымен оны басқа жанрлардан ажырататын ерекшеліктерді ескеру қажет. Эссе жазу оқушыны өз ойын дәл және сауатты жеткізуге үйретеді, ақпаратты жүйелеуге, таңдаудың негізгі категорияларын қолдануға, себеп-салдар байланыстарын бөлу, қажетті мысал келтіру, өз қорытындыларын дәлелдеу, сөйлеудің ғылыми стилін үйренуге баулиды. Эссе жазу – бұл дәлелдеу барысында жүйеге негізделген, сұраққа жауап немесе тақырыпты ашу болып табылады. Ойды ашық және дәл білдіруге тырысу, эсседе сөз тіркестері мен фразалар іріктелген және нақты болу қажет. Әрине, барлық жазба жұмыстардағыдай ішкі логика да болуы тиіс. Қандай да болмасын мәселе бойынша ойланып-толғану үлгісі. Эссе – бұл өз тілімен және стилімен жазылатын өздік жұмыс, сондықтан дәйексөздерді де азырақ қолданған жөн.

Эссенің негізгі белгілері:

- мәселені қамтитын және оқырманның ойлануына ықпал ететін белгілі бір қысқа тақырыптың болуы;

- эсседе күрделі тұжырымдар мен ұзақ сөйлемдер болмауы керек;

- оқырманмен байланыс орнату үшін еркін стильде жазылғаны маңызды;



- эссені іші сезімге толған сапасыз мәтінге айналдырып, артық кетудің де қажеті жоқ;

- мәтінге әртүрлі интонация қолданылған қысқа, қарапайым және түсінікті сөйлемдер жақсы эмоционалдық көрік беруі керек;

- жеке көзқарасты нақты деректерге сүйене отырып көрсетіп, дәлел келтірген жөн;

- қанша бет болатынына қатысты ешқандай шектеу болмаса да, эссе шағындығымен ерекшеленеді;

- құрылысы еркін болады. Эссе – қандай да бір нақты шеңбердің аясында жазылмайды. Мәтіннің құрылысы еркін, мәселеге әртүрлі жағынан қарауға тырысатын автордың логикасына бағынады;

- еркін құрылысқа қарамастан, жазба жұмысында ішкі тұтастық, пікірін білдіретін авторлық мәлімдемелердің дәйектілігі болуы керек [2].

Оқушының ауызша сөз тіркестерін қалыптастыруды біз қиын дейміз, ал ойын жазбаша түсіруге қалыптастыру одан да қиын. Олай болса, бұл – жүйелі түрде жүріп отыратын ұзақ еңбектің түпкі нәтижесі. Нәтиже қай жұмыста нәтижелілігімен бағалы. Оқушы ақ қағазға өз ойын, көзқарасын, пікірталасында туған шешімін түсіріп, тіпті өзіндік стиль мәнерін танытып жатса, тіл мен әдебиет сабағында эссе жаздыртудың бір жолға қойылғанын байқауға болады. Мұғалімнің педагогтік шеберлігі - еңбегін айқындап, оқушының әдебиеттік ұғымын, білімін байқатып, сынайтын көрсеткіш.

Мектептегі эссе жұмысы оқушының дүниеге көзқарасын қалыптастыруда игі ықпал ететіні сөзсіз. Бұл жазба жұмысының негізгі мақсаты – осы. Мектепте жазба жұмыстарының қай түрі болса да өте күрделі ой еңбегі, шығармашылық іс. Оқушының ақыл-ой қабілетін дамытып, белсенділігін арттыруда жазба жұмысы орасан зор міндет атқарады.

Эссе жазу дегеніміз – адам оқыған, талқылаған ақпараттардың негізінде белгілі бір тақырыпқа өз көзқарасын, ойын жазу.

Эссе түрлері:

- Сипаттамалық эссе - басты нысан кейіпкерді, оқиғаны, іс-әрекетті, т.б. сипаттау, детальдар арқылы оқырманға сипатталған затты елестету.

- Анықтамалық (түсіндірмелік) эссе - дәлелдер, терминдер арқылы берілген тақырыптың мағынасын ашу. Бұл эссенің негізгі мақсаты - түсіндіру. Белгілі бір тақырыпқа бағытталған жазылым стилі. Автордың пікірі мен көзқарасы қажет емес. Белгілі бір үдерісті, әрекетті қалай жасау керектігін түсіндіреді.



- Дәлелдеме эссе - айтылған ой арқылы оқырманды көндіру, үгіттеу. Түсіндірме жазба стилінен айырмашылығы - автордың көзқарасы мен пікірінің орын алуы. Автор өзгелерді өзінің пікірінің дұрыс екендігіне сендіруге тырысады, себеп-салдар, дәлелдер, ақпараттық мәліметтер келтіреді. Қолданылатын стиль - шағым хаттарда, жарнамаларда, басқа да бағыттағы жазбаларда жиі қолданылады.

- Аргументативті эссе - көбінесе қарама-қайшылық тудыратын тақырыптарда жазылады. Аргументтер қолдайтын себептермен бірге келуі тиіс. Қарсы ойларды көрсету немесе оларды жоққа шығару - бұл осы эссенің жалпы сипаттамасы. Аргументативтік жазба жоғарыда аталған жазбаға ұқсайды, екі стильде де бірдей функциялар пайдаланылады. Аргументативтік жазба айырмашылығы қарсы аргумент болуында. Қарсы аргумент – бұл автор өз көзқарасына қайшы келетін өзгенің пікірін ұсынуы. Бұл жазушыға өзге көзқарастағы әлсіз тұстарды белгілеуге мүмкіндік береді. Әдетте, қарсы аргумент қарсылықты шылаулармен, мысалы; қарамастан, балама ретінде, бірақ, алайда, екінші жағынан, дегенмен - деп беріледі [3].

- Келісу-келіспеу эссесі - өте жиі кездесетін жазылым түрі болып табылады. Әр адам қоғамда орын алған әртүрлі жағдайға немесе оқиғаға байланысты өз пікірін білдіре алады. Адамның айтқан пікірімен, көзқарасымен біреулер келіссе, екінші адамдар қарсы келіп жатады. Бұл – өмірдің даму заңдылығы. Алайда – пікірдің шынайылығы, сенімділігі маңызды. Ол пікірдің талданып отырған тақырыпқа сай келуіне, оны ашуына, негіздеуіне тәуелді. Келісу-келіспеу эссесін жазуда тақырыпты түсіну, оның қайшылығын анықтау, әрине, маңызды болып саналады.

«Эссе жазу сауаттылығы» мектеп оқушыларының оқу-тәрбие үдерісіндегі жазба тілін дамытуға арналған шығарма түрлеріне бағытталған. Бұл жазба жұмысына үйрету арқылы оқушының өз ойын, пікірін, логикалық ойлау қабілеттерін, әдебиетке, сөз өнеріне деген сүйіспеншіліктерін байқап, оны әрі қарай дамытуға жол сілтеуге болады.

Нәтижесінде:

- оқушылардың сөзге деген жатықтықтары байқалады;
- олар сауатты жазуға дағдыланады;
- жазуға қойылатын талаптарды меңгереді;
- орфографиялық және орфоэпиялық бірізділікті сақтайды;
- қазақ тілінің заңдылықтарына көңіл бөледі;
- сөз құдіретіне үңіледі, өз ойларын жеткізе біледі.



Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Арын Е.О., Аққұлова А. Ж., Махамбетова Г.Ж. Диктанттар мен мазмұндамалар жинағы (9-10 сыныптарға арналған). - Алматы: Рауан баспасы. 1997 ж.
2. М.Толеубай. «Эссе дегеніміз не? Эссе жазудың ережесі мен ерекшеліктері» <https://daryn.online/article/2621>
3. З.С. Советова, «Ғылыми зерттеу негіздері және академиялық жазылым: барлық білім беру бағдарламалары тобында оқитын студенттерге арналған оқу құралы» – Алматы: АЭЖБУ, 2022. – 200 б.: кесте – 11, әдеб. көрсеткіші– 22 атау. ISBN 978-601-358-029-6

ТЕКСТ КАК СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ



*Сейтқожина Шолпан Курманғалиевна,
учитель русского языка и литературы
КГУ «Специализированная школа-гимназия-интернат
имени Ы. Алтынсарина»
Управления образования акимата
Костанайской области*

Сегодня каждого учителя-словесника волнуют вопрос: как сформировать личность, развитую не только интеллектуально и творчески, но и обладающую коммуникативными навыками, необходимыми для успешной самореализации? Как достичь всеобщей читательской грамотности в ее сегодняшнем понимании?

XXI век называют веком информации. Так как мы живем в мире, где поток информации, поступающей к человеку через разные каналы, растет каждую секунду. По мнению ряда специалистов, память человека может вместить более миллиона гигабайт информации. Но это в миллиард раз меньше объема всех существующих на свете данных. Возникает вопрос: как современному человеку «не утонуть в потоке информации», как научиться использовать ту или иную информацию? Формирование навыков читательской грамотности учащихся является насущной необходимостью, которая ни у кого не вызывает сомнений. Именно поэтому сегодня формирование функционально грамотной личности стоит в центре мирового образования.



Читательская грамотность – это способность человека понимать и использовать письменные тексты, размышлять о них и заниматься чтением для того, чтобы достигать своих целей, расширять свои знания и возможности, участвовать в социальной жизни [1].

Работа с текстом на уроке и во внеурочное время – это наиболее эффективная форма для формирования навыков читательской грамотности. Работа с текстом развивает творческий потенциал учащихся, улучшает качество речи, служит прекрасным средством пополнения их словарного запаса, развивает исследовательские способности. Текст – это основа создания на уроках русского языка развивающей речевой среды. Через текст реализуются все цели обучения: коммуникативная, образовательная, развивающая, воспитательная. Один из выдающихся исследователей языка, литературовед, философ М.М. Бахтин говорил: «Где нет текста, там нет объекта для исследования и мышления» [2]. Сегодня тексты окружают человека на каждом шагу: реклама, заметка в газете или Интернете, заявление на работу, школьное сочинение.

Очень важно правильно отбирать тексты для работы. Тексты должны быть интересными с точки зрения орфографии, отличаться стилем, типом речи, лексикой, содержать различные синтаксические конструкции. Это могут быть фрагменты из произведений русской и казахской классики: А.С. Пушкин, Абай Кунанбаев, И.С. Тургенев, И.А. Бунин, К.Г. Паустовский, М. Ауезов, М.М. Пришвин и другие авторы. С точки зрения содержания очень важно анализировать тексты о языке, о слове, о необходимости бережного отношения к слову, об особенностях процесса создания произведений искусства слова, о восприятии художественного произведения как творческой деятельности. Особую роль в воспитании, развитии современного школьника приобретают тексты, направленные на духовно-нравственное развитие личности: о культуре памяти, об отношении к прошлому, настоящему и будущему, о национальных традициях, о проблемах экологии и т.п. При этом самого пристального внимания учителя требует эмоциональное звучание текста, то настроение, которое передает автор.

Таким образом, систематическая работа с текстом на уроках русского языка должна содействовать формированию коммуникативной компетенции.

Именно поэтому нами было разработано учебное пособие для учащихся 10-11 классов по курсу «Теория и практика анализа текста».



Данный курс состоит из 2 частей: Программа курса с тематическим планированием и само учебное пособие, которое включает в себя теоретический материал и практические задания.

Курс углубляет знания обучающихся по русскому языку и литературе, систематизирует теоретические сведения, полученные учащимися, закрепляет практические умения и навыки, позволяет восполнить пробелы в знаниях и подготовиться к итоговой аттестации по предмету. На занятиях курса предполагается уделять большое внимание развитию речи учащихся, развитию навыков и умений самостоятельного анализа предложенного текста, как прозаического, так и поэтического.

Цель данного курса: углубить и расширить теоретические знания, отработать навыки комплексного анализа текста.

Для достижения данной цели поставлены следующие задачи:

- развитие диалогической и монологической устной и письменной речи;
- развитие коммуникативных умений;
- развитие способностей к творческой деятельности;
- формирование навыков культуры речи;
- формирование навыков комплексного анализа текста [3].

Каких успехов добьются учащиеся, пройдя данный курс? Мы думаем, что они будут иметь:

- представление о тексте как едином целом;
- навыки определения темы, идеи текста;
- сформированные навыки читательской грамотности;
- представление о типах речи, их отличительных чертах;
- представление о стилях речи, их особенностях.

Будут уметь:

- владеть нормами литературного языка;
- правильно употреблять языковые средства в зависимости от коммуникативной целесообразности;
- выявлять особенности каждого типа речи;
- определять особенности стилей речи;
- строить монологическое высказывание на определенную тему;
- производить комплексный анализ текста в полном объеме;
- выделять в тексте главное, делить его на части;
- распространять и усложнять текст;
- пользоваться справочной литературой;
- реализовать свои знания и способности на итоговой аттестации.

Все эти знания и умения по анализу текста как основной языковой единицы напрямую связаны с обновленным содержанием образования по



предмету русский язык и литература и направлены в первую очередь на развитие читательской грамотности.

Развитие функциональной грамотности, в том числе читательской грамотности, является одной из ключевых идей программ обновленного содержания образования. В учебной программе по языковым предметам читательская грамотность обозначена через развитие следующих навыков:

- понимание информации;
- выявление структурных частей текста и определение основной мысли;
- понимание применения лексических и синтаксических единиц в прочитанном тексте;
- определение типов и стилей текстов;
- формулирование вопросов и оценивание;
- использование разных видов чтения;
- извлечение информации из различных источников;
- сравнительный анализ текстов.

Данные навыки соответствуют требованиям PISA к уровню читательской грамотности, согласно которому учащийся должен понимать тексты, анализировать содержание и давать ему оценку, излагать свои мысли о прочитанном. Для выявления уровня читательской грамотности в заданиях PISA учащимся предлагаются тексты разных жанров: отрывки из художественных произведений, биографии, тексты развлекательного характера, личные письма, документы, статьи из газет и журналов, инструкции, рекламные объявления, географические карты и др. В них используются различные формы представления информации: диаграммы, рисунки, карты, таблицы и графики [4].

Разрабатывая и составляя практические задания к данному курсу, мы постарались в полной мере охватить все требования PISA к уровню читательской грамотности.

Курс, помимо подготовки к итоговой аттестации в старших классах, можно также эффективно использовать для подготовки учащихся к олимпиадам различного уровня, т.к. дан систематизированный теоретический материал. В частности, что такое тема, микротемы, как определять основную мысль, виды художественно-изобразительных средств и многие другие определения и термины, т.е. то, что отлично должны знать участники олимпиады. Изучив тот или иной теоретический материал, учащиеся закрепляют его при выполнении практических заданий, которые даны к каждой теме. Материал для практических заданий отобран из произведений художественной литературы, научных, публицистических и деловых текстов и при их выполнении учащиеся развивают творческие способно-



сти и овладевают навыками комплексного анализа текста, что важно для участников олимпиады.

